"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

"Қазақстан қор биржасы" АҚ
Басқармасының шешімімен

(2026 жылғы 11 маусымдағы
№ 66 отырыс хаттамасы)

б е к і т і л г е н

2026 жылғы 01 шілдеден бастап

қолданысқа енгізілген

Мәміле жасасу
ЕРЕЖЕЛЕРІ

Алматы қ.

2026

М А З М Ұ Н Ы

1-тарау. Ережелердің мақсаты мен қолданылуы 4
2-тарау. Қор нарығы 43
3-тарау. Валюта нарығы 109
4-тарау. Мерзімді нарық 11
5-тарау. Тұжырымды қағидалар 121
1-қосымша 12
2-қосымша 19
3-қосымша 21
4-қосымша 24
5-қосымша 25
6-қосымша 27
7-қосымша 40
8-қосымша 51
9-қосымша 61
10-қосымша 64
11-қосымша 68
12-қосымша 73

ТҮЗЕТУ ПАРАҒЫ

1. **№ 1 толықтыру:**
   - "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен бекітілген (2026 жылғы 23 қыркүйектегі № 116 отырыстың хаттамасы);
   - 2026 жылғы 23 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілген.
2. **№ 2 өзгерістер мен толықтырулар:**
   - "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен бекітілген (2026 жылғы 01 қазандағы № 123 отырыстың хаттамасы);
   - 2026 жылғы 06 қазаннан бастап қолданысқа енгізілген.

Осы Ережелер Қазақстан Республикасының заңнамасына және "Қазақстан қор биржасы" АҚ-тың (бұдан әрі – Биржа) және "KASE клиринг орталығы" АҚ-тың (бұдан әрі – Клиринг орталығы) өзге де ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді және биржалық нарықтарда мәміле жасасу ережелерін, сондай-ақ осындай мәмілелер бойынша есеп айырысу жүргізу ережелерін айқындайды.

1-тарау. ЕРЕЖЕЛЕРДІҢ МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫЛУЫ

1. Осы Ережелердің мақсаты Биржада:
   1) ОК-тың қатысуымен – клиринг, міндеттемелерді өзара есепке алу және неттинг тетіктерін қолдана отырып;
   2) ОК-тың қатысуынсыз – гросс-есептерді қолдана отырып (әрбір мәміле бойынша жеке есеп айырысу) мәміле жасасу процедураларын қоса алғанда, сауда-саттықты ұйымдастыру мен өткізудің ашық және құрылымдалған тетігін белгілеу болып табылады.
2. Осы Ережелер:
   1) өтінім беру, оларды тексеру, тіркеу және мәміле жасасу процедураларын;
   2) мәмілелер бойынша есеп айырысу тәртібін;
   3) әртүрлі сауда-клирингілік шотты қамтамасыз етуді және пайдалануды бақылау жүйесін қолдану ерекшеліктерін айқындайды.
3. Ережелерді Биржаның сауда-клирингілік жүйелеріне қол жеткізуге рұқсаты бар сауда-саттыққа барлық қатысушы, сондай-ақ қамтамасыз етуді бақылау жүйесін пайдаланушылар қолдануға міндетті.
4. Ережелер сауда-саттықты ұйымдастырушы ретінде Биржаның құзыреті шегінде:
   1) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын;
   2) Биржаның, Клиринг орталығының және "Орталық депозитарий" АҚ-тың (бұдан әрі – Орталық депозитарий) ішкі құжаттарын;
   3) сауда-саттықтың нақты режимдері, есеп айырысу кодтары және басқалары үшін белгіленген шарттар мен баптауларды ескере отырып қолданылады.

2-тарау. ҚОР НАРЫҒЫ

5. ASTS+ қор нарығының сауда-клирингілік жүйесінде (бұдан әрі – қор нарығының СКЖ) мәміле жасасу мақсатында клирингілік қатысушы болып табылатын сауда-саттыққа қатысушыға Биржаның "Сауда-клирингілік шоттарды ашу, жүргізу және жабу тәртібі" атты ішкі құжатына (бұдан әрі – Шоттарды жүргізу тәртібі) сәйкес 1-деңгейдегі сауда-клирингілік шот ашылады.
6. Егер сауда-саттыққа қатысушы клирингілік қатысушы мәртебесіне ие болмаса, оған клирингілік қызмет көрсету туралы шарт жасалған өзге клирингілік қатысушының 1-деңгейдегі клирингілік шотына байланыстырылған 2-деңгейдегі сауда-саттық шоты ашылады.
7. Сауда-саттыққа уәкілетті қатысушыларға 1-деңгейдегі клирингілік шотқа байланыстырылған 2-деңгейдегі сауда-саттық/сауда-клирингілік шоттар ашылады.
8. Сауда-саттық шотында сауда-саттыққа қатысушының және/немесе оның клиенттерінің өтінім беруге және мәміле жасауға арналған ақшасы есепке алынады.
9. Сауда-клирингілік шотта сауда-саттыққа қатысушының және/немесе оның клиенттерінің есеп айырысу жүргізуге және қамтамасыз етуді есепке алуға арналған бағалы қағаздары мен ақшасы есепке алынады.
10. Сауда-саттыққа қатысушының немесе қамтамасыз етуді бақылау жүйесін пайдаланушының Орталық депозитарийде ашылған әрбір қосалқы шотына не клирингілік қызмет көрсету үшін есепке алу жүйесінде ашылған есепке алу шотына сауда-клирингілік шот сәйкес келеді *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2026 жылғы 01 қазандағы шешімімен өзгертілді)*.

11. Қор нарығының қаржы құралдарымен сауда-саттықты ашуды Биржа осы қаржы құралдарын айналысқа шығару бастамашысының Биржаның интернет-ресурсында орналастырылған белгіленген нысандағы сауда-саттықты ашуға алған өтініші негізінде осындай өтінішті алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде немесе осы бағалы қағаздарға рұқсат беру бастамашысының өтінішінде көрсетілген күннен бастап (мұндай күн өтініш алынған күннен бастап үш жұмыс күнінен кейін келетін болса) Биржа жүзеге асырады *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2026 жылғы 01 қазандағы шешімімен өзгертілді)*.

12. Қор нарығында ОК қатысатын сауда-саттық режимдерінде де, ОК қатыспайтын сауда-саттық режимдерінде де мәміле жасасу мүмкіндігі көзделген.

13. Қор нарығы үшін сауда-саттық режимдерінің мынадай түрлері көзделген:

    1) үздіксіз қарсы аукцион әдісімен қандай да бір есеп айырысу-клирингілік сессияның басындағы жағдай бойынша cut-off уақытына дейін қандай да бір клирингілік шотта ескерілетін қаржы құралдарының қажетті саны болмаған жағдайда сауда-саттыққа қатысушылар арасында репо операциялары жүзеге асырылатын репоны өзін-өзі реттеу режимін қоса алғанда, бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілелерін жасау және ОК қатысатын репо операцияларын жүргізу үшін пайдаланылатын ОК қатысатын сауда-саттық режимдері;

    2) бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілелерін жасасу және ОК қатыспайтын репо операцияларын жүргізу үшін пайдаланылатын ОК қатыспайтын сауда-саттық режимдері;

    3) активтерді нысаналы орналастыруды бақылау функцияларын жүзеге асыру және қамтамасыз етуді бақылау жүйесін пайдаланушы клиентінің мүддесінде ОК қатысатын сауда-саттық режимдерінде жасалған мәмілелер бойынша талаптар мен міндеттемелерді орындауды аудару үшін пайдаланылатын есеп айырысуға аудару операциялары бойынша сауда-саттық режимдері;

    4) мәміле жасасу үшін қамтамасыз етуді қалыптастыру мақсатында қамтамасыз етуді ақшамен немесе қаржы құралдарымен аударуды жүзеге асыру немесе сауда-клирингілік шоттарға ақшамен немесе қаржы құралдарымен қамтамасыз ету шектелімдерін белгілеу үшін пайдаланылатын қамтамасыз ету аударымдарының операциялары бойынша сауда-саттық режимдері;

    5) клиринг орталығы өз атынан немесе сауда-саттыққа қатысушының/клирингілік қатысушының атынан клирингілік қызметті жүзеге асыру және ОК функцияларын орындау шеңберінде мәміле жасасу және аударым операцияларын жүргізу үшін пайдаланатын технологиялық режимдер.

14. Осы Ережелердің 13-тармағының 1)-4) тармақшаларында белгіленген қор нарығындағы сауда-саттық режимдерінің тізбесі осы Ережелердің 1-4-қосымшаларында айқындалған.

15. ОК қатысатын сауда-саттық режимдерінде бағалы қағаздардың түріне және мәміле жасасу кезінде қамтамасыз ету тәсіліне қарай топтарға бөлінетін қаржы құралдарымен сауда-саттық жүргізіледі. Белгілі бір топқа кіретін барлық қаржы құралы үшін олар саудалануы мүмкін сауда-саттық режимдерінің бірдей жиынтығы айқындалған.

16. Туындайтын нетто-міндеттемелерді ішінара қамтамасыз ету шарттарымен ОК қатысатын сауда-саттық режимдеріне Y0, Yn, Ycn және T0 есеп айырысуының қолжетімді кодтары бар T+ тізіміне кіретін бағалы қағаздар жіберіледі.

    Туындайтын нетто-міндеттемелерді толық жабу шартымен ОК қатысатын сауда-саттық режимдеріне T0 есеп айырысуының қолжетімді коды бар T+ тізіміне кіретін және кірмейтін бағалы қағаздар жіберіледі.

17. Ішінара қамтамасыз ету шарттарымен жасалатын мәмілелер бойынша қамтамасыз етуге қабылданатын бағалы қағаздар "T+ қамтамасыз ету тізімін" қалыптастырады. T+ тізімі және T+ қамтамасыз ету тізімі клиринг орталығының ішкі құжатына сәйкес бекітіледі және қайта қаралады.

18. Биржа клиринг орталығынан Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінен:

    1) Орталық депозитарийде ашылған жарияланған және сатып алынған бағалы қағаздарды есепке алуға арналған сауда-саттық шоттарының иелері туралы;

    2) Қазақстан Республикасының резиденттері – бағалы қағаздар эмитенттерінің бизнес-сәйкестендіру нөмірлері туралы;

3) мүліктік пулының құрамына көміртегі бірліктері кіретін клирингілік қатысу сертификаттарымен (бұдан әрі – мүліктік пулының құрамына көміртегі бірліктері кіретін КҚС) мәміле жасасу кезінде пайдаланылатын клиенттердің бірегей кодтарын қоспағанда, Орталық депозитарий сауда-саттыққа қатысушылардың клиенттеріне берген және қор нарығында пайдаланылатын клиенттердің бірегей кодтары туралы *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2026 жылғы 01 қазандағы шешімімен өзгертілді)*.

19. Позицияларды біріктірілген есепке алу үшін қор нарығында клиенттің сауда-клирингілік шоты бойынша берілген өтінімде осындай өтінім оның есебінен және мүддесінде берілетін клиенттің коды көрсетілуге тиіс.

Көміртегі бірліктері кіретін мүліктік пулы бар КҚС-мен мәміле жасасу шеңберінде қайталама қор нарығында клиенттің сауда-клирингілік шоты бойынша немесе позицияларды біріктірілген есепке алуға арналған клиенттің сауда-клирингілік шоты бойынша берілген өтінімде осындай өтінім есебінен және мүддесінде берілетін клиенттің коды көрсетілуге тиіс; клиенттің коды ретінде осы клиенттің сәйкестендіру деректері пайдаланылады.

Осы тармақтың екінші абзацында көрсетілген сауда-саттыққа қатысушы клиентінің кодын тіркеу осы сауда-саттыққа қатысушының Биржаның интернет-ресурсында орналастырылған белгіленген нысандағы тиісті өтінішті беруі арқылы жүзеге асырылады.

(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2026 жылғы 01 қазандағы шешімімен өзгертілді).

20. Клиринг орталығынан Орталық депозитарийде клиенттің кодын алып тастау туралы ақпарат алғаннан кейін Биржа оны СКЖ-ден алып тастайды. Бұл ретте сауда-саттыққа қатысушы клиенттің осындай коды бойынша тіркелген міндеттемелердің болуы үшін дербес жауапты болады.

21. Репо операциялары қаржы құралдарының бір түрі болып табылады және қандай да бір бағалы қағаздар себетімен репо операцияларына және жеке қаржы құралдарымен репо операцияларына бөлінеді.

22. Репо операциялары қор нарығының СКЖ-де екі тәсілмен жүзеге асырылуы мүмкін:

1) "тікелей" тәсілмен – тікелей мәміле жасасу әдісімен өткізілетін сауда-саттықта;

2) "автоматты" тәсілмен – үздіксіз қарсы аукцион әдісімен өткізілетін сауда-саттықта.

23. Репо операцияларының мәні ретінде пайдалануға рұқсат етілген санына қосу шарттары:

1) ОК қатысатын репо: көрсетілген бағалы қағаздар Т+ тізіміне енгізілген күннен бастап бағалы қағаздар пайдалануға жіберіледі;

2) ОК қатыспайтын репо (Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары): Биржаның ресми тізіміне енгізумен бір мезгілде жол беріледі;

3) ОК қатыспайтын репо (өзге де бағалы қағаздар): жол беру Биржаға өтініш келіп түскен күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей "қор" санатындағы Биржа мүшесінің өтініші бойынша жүзеге асырылады;

4) Клирингілік қатысу сертификаттарымен жасалатын авторепо: клиринг орталығының мүліктік пулды қалыптастыру және оның шеңберінде клирингілік қатысу сертификаттарын шығару туралы шешімі негізінде жіберіледі *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2026 жылғы 01 қазандағы шешімімен өзгертілді)*.

24. Қандай да бір атаудағы бағалы қағаздармен сауда-саттықты тоқтата тұрған жағдайда осы бағалы қағаздарды осындай тоқтата тұру кезеңінде репо операцияларының мәні ретінде пайдалануға тыйым салынады.

Тыйым салу бағалы қағаздармен сауда-саттық тоқтатыла тұрған кезеңде ғана қолданылады және осы бағалы қағаздармен сауда-саттық қайта басталған кезден бастап қолданылуын тоқтатады.

25. Бағалы қағаздардың бір эмитенті шығарған кез келген атаудағы бағалы қағаздарды "тікелей" тәсілмен жүзеге асырылатын ОК қатыспайтын репо операцияларының мәні ретінде пайдалануға, егер:

1) осы эмитенттің кез келген борыштық бағалы қағаздары бойынша сыйақы және/немесе номиналды құн төлеу бойынша дефолтқа жол берілген болса;

2) осы эмитенттің артықшылықты акциялары бойынша дивиденд төлеу бойынша берешегі бар болса, тыйым салынады.

Бағалы қағаздар эмитенті бұзушылықты жойған кезде осы шектеу алынып тасталады.

26. Бір ғана бағалы қағаздар эмитенті шығарған кез келген атаудағы бағалы қағаздарды "автоматты" тәсілмен жүзеге асырылатын ОК қатыспайтын репо операцияларының мәні ретінде пайдалануға, егер:

    1) осы эмитенттің өзі шығарған кез келген бағалы қағаздарды ұстаушылар алдында орындау мерзімі өткен орындалмаған міндеттемелері пайда болса;

    2) осы эмитент шығарған бағалы қағаздарға рұқсат беру бастамашысында листингілік шартта белгіленген мерзімнен кейін үш ай ішінде орындалмаған осы эмитенттің қаржылық есептілігін (оның ішінде аралық) ұсыну бойынша Биржа алдындағы міндеттемесі пайда болса;

    3) осы эмитент шығарған бағалы қағаздарға рұқсат беру бастамашысында Биржаның "Бағалы қағаздарға рұқсат беру бастамашыларының ақпаратты жария етуінің ережелері" атты ішкі құжатында белгіленген мерзімнен кейін он күн ішінде орындалмаған осы эмитент және/немесе ол шығарған Биржаға беруге жататын бағалы қағаздар туралы елеулі ақпарат беру жөніндегі Биржа алдындағы міндеттемесі пайда болса, тыйым салынады.

27. Репо операцияларының мәні ретінде пайдалануға рұқсат етілген қандай да бір атаудағы бағалы қағаздарды алып тастау немесе оларды репо операцияларының мәні ретінде пайдалануға тыйым салу осы атаудағы бағалы қағаздармен бұрын ашылған репо операцияларына қолданылмайды және осы репо операцияларына қатысушыларды осы репо операцияларына жататын жабу мәмілелерін орындаудан босатпайды.

28. Егер оған қатысты ашу және жабу мәмілелерін жасасудың белгіленген сәтінде осы операцияның болжамды мерзімі ішінде осы операцияның мәні ретінде пайдалануға болжанатын бағалы қағаздарды толық немесе ішінара өтеу жүргізілетіні белгілі болса, қор нарығының СКЖ репо операцияларын кез келген тәсілмен жүзеге асыру мүмкіндігін бұғаттайды.

29. Репо операциясын "тікелей" тәсілмен жүзеге асыратын кезде:

    1) репо мәнінің санын, репо мерзімін (репоны жабу және ашу күндері арасындағы күнтізбелік күндер саны ретінде анықталады), дисконттың шамасын және мөлшерлемені осы операцияға қатысушылар бір-бірінің келісімі бойынша дербес айқындайды.

       Егер мұндай операцияның мәні клирингілік қатысу сертификаттары болса, дисконтты белгілеу қолданылмайды;

    2) ашу және жабу бағаларын есептеуді қор нарығының СКЖ автоматты түрде жүргізеді.

30. Репо операциясын "автоматты" тәсілмен жүзеге асыратын кезде:

    1) сауда жасалатын қаржы құралының бағасы ретінде репо операциясының мөлшерлемесі пайдаланылады;

    2) жабу күнін қор нарығының СКЖ осы операция жүзеге асырылатын репо операциясының мерзімін (репоны жабу және ашу күндері арасындағы күнтізбелік күндер саны ретінде анықталатын стандартталған мерзімдер санынан) негізге ала отырып автоматты түрде айқындайды;

    3) ашу мәмілесінің сомасын, жабу бағасын және жабу мәмілесінің сомасын есептеуді қор нарығының СКЖ репо операциясының мәнін, репо операциясының мәнінің санын, ашу бағасын және репо операциясының мерзімін негізге ала отырып, автоматты түрде жүргізеді;

    4) репоны жабу мәмілесін қор нарығының СКЖ осы тармақтың 3) тармақшасында көрсетілген оның параметрлерін негізге ала отырып автоматты түрде қалыптастырады және ол репоны ашу мәмілесімен бір мезгілде жасалады.

31. Жекелеген қаржы құралдарымен репо операцияларының параметрлерін есептеу үшін мынадай формулалар қолданылады:

    1) "автоматты" тәсілмен жүзеге асырылатын ОК қатысатын репо операциясын ашу бағасын қор нарығының СКЖ мынадай формула бойынша бағалы қағаздың есептік бағасын негізге ала отырып, автоматты түрде есептейді:

$$P_{oa} = P_{tk}$$, мұнда

P_{oa} – "автоматты" тәсілмен жүргізілетін ОК қатысатын репо операциясын ашу бағасы (есеп айырысу жүргізілетін валютамен);

P_{tk} – репо операциясын ашу күніне репо операциясының мәні болып табылатын және клиринг орталығының ішкі құжатына сәйкес айқындалған бағалы қағаздың есептік бағасы;

2) "тікелей" тәсілмен жүргізілетін ОК қатысатын/ОК қатыспайтын репо операциясын ашу бағасын қор нарығының СКЖ репо операциясының мәні болып табылатын бағалы қағаздың есептік бағасын және сауда-саттыққа қатысушылардың белгіленген дисконтын негізге ала отырып автоматты түрде есептейді және мынадай формула бойынша анықталады:

$$P_{od} = P_{tk} \times (1\text{-}Disc), \text{ мұнда}$$

P_{od} – "тікелей" тәсілмен жүзеге асырылатын репо операциясын ашу бағасы (есеп айырысу жүргізілетін валютамен);

Disc – репо операциясына қатысушылар көрсеткен дисконттың шамасы;

3) "автоматты" тәсілмен жүзеге асырылатын ОК қатысатын репо операциясы мәнінің санын қор нарығының СКЖ мынадай формула бойынша автоматты түрде есептейді:

$$K = \left\lceil \frac{S}{P_{oa}} \right\rceil, \text{ мұнда}$$

K – репо операциясы мәнінің саны (лоттармен);

S – репо операциясына қатысушылар оны жасасқан кезде көрсеткен репо ашу мәмілесінің жоспарланған сомасы (есеп айырысу жүргізілетін валютамен);

$\lceil \rceil$ – алынған нәтижені ең жақын бүтін мәнге дейін аз жаққа дөңгелектеу;

4) "тікелей" тәсілмен жүргізілетін ОК қатысатын/ОК қатыспайтын репо операциясы мәнінің санын қор нарығының СКЖ мынадай формула бойынша автоматты түрде есептейді:

$$K = \left\lceil \frac{S}{P_{od}} \right\rceil, \text{ мұнда}$$

$\lceil \rceil$ – алынған нәтижені ең жақын бүтін мәнге дейін аз жаққа дөңгелектеу;

5) "автоматты" тәсілмен жүзеге асырылатын ОК қатысатын репо ашу мәмілесінің сомасын қор нарығының СКЖ репо мәмілесі жасалған валютаның жүздік үлесіне дейінгі дәлдікпен автоматты түрде мына формула бойынша лоттардағы бағалы қағаздардың есептелген санына сүйене отырып түзетеді:

$$S_o = P_{oa} \times K, \text{ мұнда}$$

S_o – репо ашу мәмілесінің сомасы (есеп айырысу жүргізілетін валютамен);

6) "тікелей" тәсілмен жүргізілетін ОК қатысатын/ОК қатыспайтын репо ашу мәмілесінің сомасын қор нарығының СКЖ репо мәмілесі жасалған валютаның жүздік үлесіне дейінгі дәлдікпен автоматты түрде мына формула бойынша лоттардағы бағалы қағаздардың есептелген санына сүйене отырып түзетеді:

$$S_o = P_{od} \times K;$$

7) "тікелей" тәсілмен жүзеге асырылатын репоны жабу мәмілесінің сомасын қор нарығының СКЖ автоматты түрде валютаның жүзден бір бөлігіне дейінгі дәлдікпен мына формула бойынша есептейді:

$$S_c = S_o \times \left(1 + \frac{r \times n}{100 \times T}\right), \text{ мұнда}$$

S_c – репоны жабу мәмілесінің сомасы (есеп айырысу жүргізілетін валютамен);

r – репо операциясы бойынша пайызбен мөлшерлеме;

n – репо операциясының күнтізбелік күндермен мерзімі;

T – күнтізбелік жылдағы күндердің нақты саны (365 немесе 366);

8) жабу мәмілесінің сомасы оны мерзімінен бұрын орындаған кезде, сондай-ақ қатысушылар жабу күнін өзгерткен кезде қор нарығының СКЖ мынадай формула бойынша қайта есептейді:

$$S_{cn} = S_o + I, \text{ мұнда}$$

$S_{сп}$ – мерзімінен бұрын орындалған күнгі репо мәмілесінің сомасы;

I – мерзімінен бұрын орындалған күнге есептелген репо мәмілесі бойынша кіріс.

32. Қандай да бір бағалы қағаздар себетімен "автоматты" тәсілмен жүзеге асырылатын репо операциясының параметрлерін есептеу үшін мынадай формулалар қолданылады:

1) ОК қатысатын репо операциясын ашу бағасын қор нарығының СКЖ репо операциясының мәні болып табылатын бағалы қағаздың есептік бағасын негізге ала отырып автоматты түрде есептейді және мынадай формула бойынша анықталады:

$$P_{ок} = P_{tk}, \text{ мұнда}$$

$P_{ок}$ – ОК қатысатын репо операциясын ашу бағасы (есеп айырысу жүргізілетін валютамен);

P_{tk} – репо операциясын ашу күніне репо операциясының мәні болып табылатын және клиринг орталығының ішкі құжатына сәйкес айқындалған бағалы қағаздың есептік бағасы;

2) ОК қатыспайтын репо операциясын ашу бағасын қор нарығының СКЖ репо операциясының мәні болып табылатын бағалы қағаздың және осы бағалы қағаз үшін белгіленген дисконттың есептік бағасын негізге ала отырып автоматты түрде есептейді және мынадай формула бойынша анықталады:

$$P_{og} = P_{tk} \times (1\text{-Disc}), \text{ мұнда}$$

P_{og} – ОК қатыспайтын репо операциясын ашу бағасы (есеп айырысу жүргізілетін валютамен);

Disc – осы Ережелердің 5-қосымшасына сәйкес айқындалған дисконттың шамасы;

3) ОК қатысатын репо операциясы мәнінің санын қор нарығының СКЖ мынадай формула бойынша автоматты түрде есептейді:

$$K = \left\lceil \frac{L}{P_{ok}} \right\rceil \times Q, \text{ мұнда}$$

K – репо операциясы мәнінің саны (лоттармен);

L – лоттың мөлшері;

Q – өтінімдегі лоттардың саны;

$\lceil \ \rceil$ – алынған нәтижені ең жақын бүтін мәнге дейін үлкен жаққа дөңгелектеу;

4) ОК қатыспайтын репо операциясы мәнінің санын қор нарығының СКЖ мынадай формула бойынша автоматты түрде есептейді:

$$K = \left\lceil \frac{L}{P_{og}} \right\rceil \times Q$$

5) ОК қатысатын репо операциясының мәнін сатып алу кезінде өтінім сомасы қор нарығының СКЖ мынадай формула бойынша автоматты түрде есептейді:

$$\Sigma_k = (N \times L) + (P_{max} \times N), \text{ мұнда}$$

Σ_k – ОК қатысатын репо операциясының мәнін сатып алу кезіндегі өтінім сомасы;

N – өтінімдегі лоттардың саны;

Pmax – өтінімнің сомасы есептелетін бағалы қағаздар себетіндегі максималды құны бар бағалы қағаздың есептік бағасы;

6) ОК қатыспайтын репо операциясының мәнін сатып алу кезінде өтінім сомасы қор нарығының СКЖ мынадай формула бойынша автоматты түрде есептейді:

$$\Sigma_g = (N \times L) + ((P_{max} \times (1 - \text{Disc})) \times N)$$

7) репо операциясының мәнін сату кезіндегі өтінім сомасын және ОК қатысатын репо ашу мәмілесінің сомасын қор нарығының СКЖ автоматты түрде валютаның жүздік үлесіне дейінгі

дәлдікпен есептейді және мына формула бойынша лоттардағы бағалы қағаздардың есептелген санына сүйене отырып түзетіледі:

$$S_{ok} = P_{ok} \times K, \text{ мұнда}$$

S_{ok} – ОК қатысатын репо операциясының мәнін сату кезіндегі өтінімнің/ОК қатысатын репо ашу мәмілесінің сомасы (есеп айырысу жүргізілетін валютамен);

8) репо операциясының мәнін сату кезіндегі өтінім сомасын және ОК қатыспайтын репо ашу мәмілесінің сомасын қор нарығының СКЖ валютаның жүздік үлесіне дейінгі дәлдікпен автоматты түрде есептейді және мына формула бойынша лоттардағы бағалы қағаздардың есептелген санына сүйене отырып түзетіледі:

$$S_{og} = P_{og} \times K, \text{ мұнда}$$

S_{og} – ОК қатыспайтын репо операциясының мәнін сату кезіндегі өтінімнің /ОК қатыспайтын репо ашу мәмілесінің сомасы (есеп айырысу жүргізілетін валютамен);

9) жабу мәмілесінің сомасын қор нарығының СКЖ валютаның жүзден бір бөлігіне дейінгі дәлдікпен мынадай формула бойынша автоматты түрде есептейді:

$$S_c = S_o \times \left(1 + \frac{r \times n}{100 \times T}\right), \text{ мұнда}$$

S_c – жабу мәмілесінің сомасы (есеп айырысу жүргізілетін валютамен);

S_o – репо операциясын ашу мәмілесінің сомасы (есеп айырысу жүргізілетін валютамен);

r – репо операциясының мөлшерлемесі;

n – репо операциясының күнтізбелік күндермен мерзімі;

T – жылдағы күндер саны (365 немесе 366).

33. Қор нарығында ОК қатысатын және ОК қатыспайтын мәмілелерді жасасу процесі, сондай-ақ репо операцияларын жүргізу ерекшеліктері осы Ережелердің 6-қосымшасында айқындалған.

34. Мамандандырылған сауда-саттықты ұйымдастыру тәртібі осы Ережелердің 7-қосымшасында айқындалған.

35. Бағалы қағаздарды жария ұсынуды және бағалы қағаздарға жазылуды ұйымдастыру тәртібі осы Ережелердің 8-қосымшасында айқындалған.

36. Қамтамасыз етуді бақылау жүйесі жұмысының ерекшеліктері осы Ережелердің 9-қосымшасында айқындалған.

3-тарау. ВАЛЮТА НАРЫҒЫ

37. ASTS+ валюта нарығының сауда-клирингілік жүйесінде (бұдан әрі – валюта нарығының СКЖ) мәміле жасасу мақсатында клирингілік қатысушы болып табылатын сауда-саттыққа қатысушыға Шоттарды жүргізу тәртібіне сәйкес сауда-клирингілік шоттар ашылады.

38. Егер сауда-саттыққа қатысушы клирингілік қатысушы мәртебесіне ие болмаса, оған клирингілік қызмет көрсету туралы шарт жасалған өзге клирингілік қатысушының клирингілік шотына байланыстырылған сауда-саттық шоты ашылады.

39. Сауда-клирингілік шотта сауда-саттыққа қатысушының және/немесе оның клиенттерінің есеп айырысу жүргізуге және қамтамасыз етуді есепке алуға арналған ақшасы есепке алынады.

40. Валюта нарығында мәмілелер ОК қатысатын сауда-саттық режимдерінде жасалады.

41. Валюта нарығы үшін сауда-саттық режимдерінің мынадай түрлері көзделген:

1) үздіксіз қарсы аукцион әдісімен шетел валютасын сатып алу-сату мәмілелері жасалатын ашық сауда-саттық режимі;

2) валюталық своп операциялары және үздіксіз қарсы аукцион әдісімен шетел валютасымен операциялар жүзеге асырылатын ашық сауда-саттық режимі (своп операциялары, шетел валютасымен операциялар);

3) тікелей мәміле жасасу әдісімен шетел валютасын сатып алу-сату мәмілелері жасалатын тікелей мәмілелер режимі (сатып алу-сату);

4) валюталық своп операциялары және тікелей мәміле жасасу әдісімен шетел валютасымен операциялар жүзеге асырылатын тікелей мәмілелер режимі (своп операциялары, шетел валютасымен операциялар);

5) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен қосымша сессияда шетел валютасымен операциялар жүзеге асырылатын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен сауда-саттық режимі;

6) ұйымдастырылған шетел валютасы нарығына жатпайтын биржадан тыс нарықта шетел валютасын сатып алу-сатудың шарттық мәмілелері жасалатын сауда-саттық режимі;

7) реттеу режимі: тікелей мәміле жасасу әдісімен адал клирингілік қатысушылар мен валюталық нарықта ОК болып табылатын клирингілік орталықтың арасында шетел валютасымен операциялар жүргізілетін ОК қатысатын операциялар;

8) ОК-тың автоматты реттеу режимі: жосықсыз клирингілік қатысушылар мен валюталық нарықта ОК ретінде әрекет ететін клирингілік орталықтың арасында тікелей мәміле жасасу әдісімен шетел валютасымен операциялар жүзеге асырылатын шетел валютасымен операциялар.

Валюта нарығындағы сауда-саттық режимдерінің тізбесі (валюталық своп операциялары және шетел валютасымен операциялар бойынша) осы Ережелердің 10-қосымшасында айқындалған.

42. Клиенттік біріктірілген сауда-клирингілік шотты пайдалана отырып, валюта нарығында берілген өтінімде оның есебінен және мүддесінде осындай өтінім берілетін клиенттің коды көрсетілуі мүмкін.

43. Валюта нарығының сауда-саттығына қатысушының клиентіне код беру Биржаның интернет-ресурсында мынадай екі нұсқаның бірімен орналастырылған клиентті тіркеу туралы белгіленген нысандағы тиісті өтінішті беру арқылы жүзеге асырылады:

1) сауда-саттыққа қатысушының клиентінде Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде ашылған клиенттің коды болмаған жағдайда клиентке код беру "Қазақстан қор биржасы" АҚ мүшелеріне және олардың шоттарына, сауда-саттық жүйелерін пайдаланушыларға, бағалы қағаздар эмитенттеріне және қаржы құралдарына кодтар беру тәртібі туралы нұсқаулық" ішкі құжатында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады;

2) сауда-саттыққа қатысушының клиентінде Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде ашылған клиенттің бірегей коды болған жағдайда, клиенттің мұндай коды осы ұйымның есепке алу жүйесінде ашылған кодқа сәйкес келеді.

44. Қажет болған жағдайда сауда-саттыққа қатысушы Биржаға еркін нысанда клиенттің кодын және осы клиентті Биржаның ақпараттық жүйелерінен алып тастау қажет болатын күнді көрсете отырып, өтініш жіберу арқылы клиенттің кодын жоюға құқылы.

Клиенттің кодын жою оның атына бұрын ашылған позициялар толық жабылған жағдайда ғана жүзеге асырылады.

45. Биржа өтінімді беру жүзеге асырылатын сауда-саттық режимі үшін белгіленген есеп айырысу кодына сәйкес қамтамасыз етуді бақылау процедурасы оң аяқталғаннан кейін валюталық нарықтың СКЖ-не ОК қатысатын мәміле жасасуға өтінімдерді жібереді.

46. Валюта нарығында мәміле жасасу процесі осы Ережелердің 11-қосымшасында айқындалған.

4-тарау. МЕРЗІМДІ НАРЫҚ

47. Мерзімді нарықтың SPECTRA сауда-клирингілік жүйесінде (бұдан әрі – мерзімді нарықтың СКЖ) мәміле жасасу мақсатында клирингілік қатысушы болып табылатын сауда-саттыққа қатысушыға Шоттарды жүргізу тәртібіне сәйкес сауда-клирингілік шоттар ашылады.

48. Биржалық сауда-саттық мәні ретінде пайдаланылатын туынды қаржы құралының бірегейлендірілген, стандартталған шарттары мен параметрлері болады.

49. Туынды қаржы құралдарымен мәміле жасау Биржаның "Сауда-саттық регламенті және қаржы құралдарының параметрлері" атты ішкі құжатында белгіленген оның параметрлеріне сәйкес оның

тараптарының туынды қаржы құралдары бойынша құқықтарды және/немесе міндеттемелерді сатып алуын білдіреді.

50. Мерзімді нарықтағы құралдардың мынадай құрылымы бар:

    1) базалық актив – оған қатысты туынды қаржы құралымен мәміле жасалатын және мәні оның бағасын және (немесе) орындау шарттарын анықтау үшін пайдаланылатын қаржы құралы, индекс, шетел валютасы немесе өзге де көрсеткіш;

    2) нақты базалық активтер байланыстырылған туынды қаржы құралы.

51. Мерзімді нарықта мәмілелер ОК қатысатын сауда-саттық режимдерінде жасалады.

52. Мерзімді нарықта мәміле жасасу тәртібі осы Ережелердің 12-қосымшасында айқындалған.

5-тарау. ТҰЖЫРЫМДЫ ҚАҒИДАЛАР

53. Осы Ережелер Биржаның интернет-ресурсында жариялануға тиіс.

54. Осы Ережелерге уақытылы өзгеріс және/немесе толықтыру енгізу (өзектендіру) үшін жауапкершілік сауда-саттық қызметін қамтамасыз ететін Биржа бөлімшесіне жүктеледі.

55. Осы Ережелер қажеттілігіне қарай өзектендірілуге тиіс.

    Осы Ережелер осы Ережелердің қолданысқа енгізілген күнінен бастап, ал олар өзектендірілген жағдайда – соңғы өзгеріс/толықтыру қолданысқа енгізілген күннен бастап есептелетін әрбір үш жылда кемінде бір рет өзектілендіру қажеттілігіне қайта қаралуға тиіс.

Басқарма төрағасы А.Н. Мухамеджанов

Мәміле жасасу ережелерінің

1-қосымшасы

Қор нарығында

ОК ҚАТЫСАТЫН САУДА-САТТЫҚ РЕЖИМДЕРІНІҢ ТІЗІМІ

(Осы кесте Биржа Басқармасының 2026 жылғы 23 қыркүйектегі шешімімен өзгертілген)

№	Қаржы құралдарының топтары		Сауда-саттық режимдері																																		
		"Т0 [ҚҚТ] "	"Т+ [ҚҚТ] "	"Т0 [ҚҚТ] (USD)"	"Т+ [ҚҚТ] (USD)"	"Т0 [ҚҚТ] (CNY)"	"Т+ [ҚҚТ] (CNY)"	"ОК қатысатын тікелей Са/С"	"ОК қатысатын тікелей Са/С	"ОК қатысатын тікелей Са/С	"Ұсақ лоттар"	"ОК қатысатын авторепо"		"ОК қатысатын тікелей репо"	"ОК қатысатын авторепо (USD)"	"ОК қатысатын авторепо	"ОК қатысатын тікелей репо (USD)"	"ОК қатысатын тікелей репо	"Орналастыру/сату"		Өзін-өзі реттеу: Авторепо	Реттеу: Авторепо	ОК қатысатын автомат.	ОК қатысатын автомат.	
		Сауда-саттық әдістері																																			
		УҚ Аукцион	УҚ Аукцион	УҚ Аукцион	УҚ Аукцион	УҚ Аукцион	УҚ Аукцион	Тікелей мәмілелер	Тікелей мәмілелер	Тікелей мәмілелер	УҚ Аукцион	УҚ Аукцион		Тікелей мәмілелер	УҚ Аукцион	УҚ Аукцион	Тікелей мәмілелер	Тікелей мәмілелер	Жазылу және жария ұсыныс		УҚ Аукцион	УҚ Аукцион	Тікелей мәмілелер	Тікелей мәмілелер	
		Есеп айырысу кодтары																																			
		Т0	Y2	Т0	Y2	Т0	Y2	Т0	Т0	Т0	Т0, Y2	Y0/Ycn, n=1	Y0/Ycn, n=1, 2, 3, 7, 14, 30	Y0/Ycn, n=1, 2, 3, 7, 14, 30, 90	Y0/Ycn, n=1, 2, 3, 7, 14, 30, 60, 90	Y0/Ycn, 1≤n≤30	Y0/Ycn, 1≤n≤90	Y0/Ycn, n = 1, 7, 14 и 30	Y0/Ycn, n=1, 2, 3, 7, 14, 30	Y0/Ycn, n = 1, 7, 14 и 30	Y0/Ycn, 1≤n≤7	Y0/Ycn, 1≤n≤30	Y0/Ycn, 1≤n≤7	Т0, Y0		Y0/Yc1		T0/Yc1	Т0	Y0
		Есеп айырысу валюталары																																			
		KZT	KZT	USD	USD	CNY	CNY	KZT	USD	CNY	KZT	CNY	USD	KZT	KZT	KZT	KZT	KZT	KZT	USD	USD	CNY	USD	USD	CNY	KZT	USD	CNY	AED	EUR	KZT	CNY	USD	KZT	KZT	KZT
А	**1**	**2**	**3**	**4**	**5**	**6**	**7**	**8**	**9**	**10**	**11**	**12**	**13**	**14**	**15**	**16**	**17**	**18**	**19**	**20**	**21**	**22**	**23**	**24**	**25**	**26**	**27**	**28**	**29**	**29-1**	**30**	**31**	**32**	**33**	**34**	**35**
1.	Акциялар және өзге ЖҚ ҚҚ		✓					✓			✓				✓			✓							✓			✓	✓				✓	✓	✓	✓

№	Қаржы құралдарының топтары		Сауда-саттық режимдері																																
			"Т0 [ҚҚТ] "	"Т+ [ҚҚТ] "	"Т0 [ҚҚТ] (USD)"	"Т+ [ҚҚТ] (USD)"	"Т0 [ҚҚТ] (CNY)"	"Т+ [ҚҚТ] (CNY)"	"ОК қатысатын тікелей Са/С"	"ОК қатысатын тікелей Са/С	"ОК қатысатын тікелей Са/С	"Ұсақ лоттар"	"ОК қатысатын авторепо"	"ОК қатысатын тікелей репо"	"ОК қатысатын авторепо (USD)"	"ОК қатысатын авторепо	"ОК қатысатын тікелей репо (USD)"	"ОК қатысатын тікелей репо	"Орналастыру/сату"	Өзін-өзі реттеу: Авторепо	Реттеу: Авторепо	ОК қатысатын автомат.	ОК қатысатын автомат.													
			Сауда-саттық әдістері																																		
		ҰҚ Аукцион	ҰҚ Аукцион	ҰҚ Аукцион	ҰҚ Аукцион	ҰҚ Аукцион	ҰҚ Аукцион	Тікелей мәмілелер	Тікелей мәмілелер	Тікелей мәмілелер	ҰҚ Аукцион	ҰҚ Аукцион	Тікелей мәмілелер	ҰҚ Аукцион	ҰҚ Аукцион	Тікелей мәмілелер	Тікелей мәмілелер	Жазылу және жария ұсыныс	ҰҚ Аукцион	ҰҚ Аукцион	Тікелей мәмілелер	Тікелей мәмілелер													
		Т0	Y2	Т0	Y2	Т0	Y2	Т0	Т0	Т0	Т0, Y2	Y0/Ycn, n=1	Y0/Ycn, n=1, 2, 3, 7, 14, 30	Y0/Ycn, n=1, 2, 3, 7, 14, 30, 90	Y0/Ycn, n=1, 2, 3, 7, 14, 30, 60,	Y0/Ycn, 1≤n≤30	Y0/Ycn, 1≤n≤90	Y0/Ycn, n = 1, 7, 14 и 30	Y0/Ycn, n=1, 2, 3, 7, 14, 30	Y0/Ycn, n = 1, 7, 14 и 30	Y0/Ycn, 1≤n≤7	Y0/Ycn, 1≤n≤30	Y0/Ycn, 1≤n≤7	Т0, Y0	Y0/Yc1	Т0/Yc1	Т0	Y0													
		Есеп айырысу валюталары																																			
		KZT	KZT	USD	USD	CNY	CNY	KZT	USD	CNY	KZT	CNY	USD	KZT	KZT	KZT	KZT	KZT	KZT	USD	USD	CNY	USD	USD	CNY	KZT	USD	CNY	AED	EUR	KZT	CNY	USD	KZT	KZT	KZT
А	**1**	**2**	**3**	**4**	**5**	**6**	**7**	**8**	**9**	**10**	**11**	**12**	**13**	**14**	**15**	**16**	**17**	**18**	**19**	**20**	**21**	**22**	**23**	**24**	**25**	**26**	**27**	**28**	**29**	**29-1**	**30**	**31**	**32**	**33**	**34**	**35**
2.	Акциялар және өзге ТҚ ҚҚ	✓						✓			✓		✓												✓			✓								
3.	ДҚ және өзге де ҚҚ (валюта)				✓				✓											✓		✓				✓						✓	✓	✓	✓	✓
4.	ДҚ және өзге де ҚҚ (валюта) **ПП**			✓					✓																	✓										
5.	Егеменді еуроноттар		✓		✓			✓	✓		✓		✓					✓		✓		✓			✓	✓			✓			✓	✓	✓	✓	✓
6.	ЖҚ еурооблигациялар		✓		✓			✓	✓		✓		✓		✓			✓		✓		✓			✓	✓			✓	✓		✓	✓	✓	✓	✓
7.	ТҚ еурооблигациялар	✓		✓				✓	✓		✓		✓												✓	✓				✓						
8.	ҚР ЖҚ МБҚ		✓					✓							✓			✓							✓				✓				✓	✓	✓	✓

№	Қаржы құралдарының топтары		Сауда-саттық режимдері																																		
		"Т0 [ҚҚТ] "	"Т+ [ҚҚТ] "	"Т0 [ҚҚТ] (USD)"	"Т+ [ҚҚТ] (USD)"	"Т0 [ҚҚТ] (CNY)"	"Т+ [ҚҚТ] (CNY)"	"ОК қатысатын тікелей Са/С"	"ОК қатысатын тікелей Са/С	"ОК қатысатын тікелей Са/С	"Ұсақ лоттар"	"ОК қатысатын авторепо"	"ОК қатысатын тікелей репо"	"ОК қатысатын авторепо (USD)"	"ОК қатысатын авторепо	"ОК қатысатын тікелей репо (USD)"	"ОК қатысатын тікелей репо	"Орналастыру/сату"	Өзін-өзі реттеу: Авторепо	Реттеу: Авторепо	ОК қатысатын автомат.	ОК қатысатын автомат.															
		Сауда-саттық әдістері																																			
		ҰҚ Аукцион	ҰҚ Аукцион	ҰҚ Аукцион	ҰҚ Аукцион	ҰҚ Аукцион	ҰҚ Аукцион	Тікелей мәмілелер	Тікелей мәмілелер	Тікелей мәмілелер	ҰҚ Аукцион	ҰҚ Аукцион	Тікелей мәмілелер	ҰҚ Аукцион	ҰҚ Аукцион	Тікелей мәмілелер	Тікелей мәмілелер	Жазылу және жария ұсыныс	ҰҚ Аукцион	ҰҚ Аукцион	Тікелей мәмілелер	Тікелей мәмілелер															
		Есеп айырысу кодтары																																			
		Т0	Y2	Т0	Y2	Т0	Y2	Т0	Т0	Т0	Т0, Y2	Y0/Ycn, n=1	Y0/Ycn, n=1, 2, 3, 7, 14, 30	Y0/Ycn, n=1, 2, 3, 7, 14, 30, 90	Y0/Ycn, n=1, 2, 3, 7, 14, 30, 60,	Y0/Ycn, 1≤n≤30	Y0/Ycn, 1≤n≤90	Y0/Ycn, n = 1, 7, 14 и 30	Y0/Ycn, n=1, 2, 3, 7, 14, 30	Y0/Ycn, n = 1, 7, 14 и 30	Y0/Ycn, 1≤n≤7	Y0/Ycn, 1≤n≤30	Y0/Ycn, 1≤n≤7	Т0, Y0	Y0/Yc1	Т0/Yc1	Т0	Y0															
		Есеп айырысу валюталары																																			
		KZT	KZT	USD	USD	CNY	CNY	KZT	USD	CNY	KZT	CNY	USD	KZT	KZT	KZT	KZT	KZT	KZT	USD	USD	CNY	USD	USD	CNY	KZT	USD	CNY	AED	EUR	KZT	CNY	USD	KZT	KZT	KZT		
А	**1**	**2**	**3**	**4**	**5**	**6**	**7**	**8**	**9**	**10**	**11**	**12**	**13**	**14**	**15**	**16**	**17**	**18**	**19**	**20**	**21**	**22**	**23**	**24**	**25**	**26**	**27**	**28**	**29**	**29-1**	**30**	**31**	**32**	**33**	**34**	**35**		
9.	ҚР ТҚ МБҚ	✓						✓																	✓													
10.	ЖҚ облигациялар		✓					✓							✓			✓							✓			✓	✓				✓	✓	✓	✓		
11.	ТҚ облигациялар	✓						✓																	✓			✓										
12.	ҚР МБҚ себеті															✓																						
13.	ТММС себеті															✓																						
14.	ҚРҰБ себеті													✓																								
15.	Клирингілік қатысу сертификаттары (KZT) *(осы ұяшықтың мәтіні Биржа*																✓		✓																			

№	Қаржы құралдарының топтары		Сауда-саттық режимдері																																
			"Т0 [ҚҚТ] "	"Т+ [ҚҚТ] "	"Т0 [ҚҚТ] (USD)"	"Т+ [ҚҚТ] (USD)"	"Т0 [ҚҚТ] (CNY)"	"Т+ [ҚҚТ] (CNY)"	"ОК қатысатын тікелей Са/С"	"ОК қатысатын тікелей Са/С	"ОК қатысатын тікелей Са/С	"Ұсақ лоттар"	"ОК қатысатын авторепо"	"ОК қатысатын тікелей репо"	"ОК қатысатын авторепо (USD)"	"ОК қатысатын авторепо	"ОК қатысатын тікелей репо (USD)"	"ОК қатысатын тікелей репо	"Орналастыру/сату"	Өзін-өзі реттеу: Авторепо	Реттеу: Авторепо	ОК қатысатын автомат.	ОК қатысатын автомат.													
			Сауда-саттық әдістері																																		
			УҚ Аукцион	УҚ Аукцион	УҚ Аукцион	УҚ Аукцион	УҚ Аукцион	УҚ Аукцион	Тікелей мәмілелер	Тікелей мәмілелер	Тікелей мәмілелер	УҚ Аукцион	УҚ Аукцион	Тікелей мәмілелер	УҚ Аукцион	УҚ Аукцион	Тікелей мәмілелер	Тікелей мәмілелер	Жазылу және жария ұсыныс	УҚ Аукцион	УҚ Аукцион	Тікелей мәмілелер	Тікелей мәмілелер													
			Есеп айырысу кодтары																																		
			Т0	Y2	Т0	Y2	Т0	Y2	Т0	Т0	Т0	Т0, Y2	Y0/Ycn, n=1	Y0/Ycn, n=1, 2, 3, 7, 14, 30	Y0/Ycn, n=1, 2, 3, 7, 14, 30, 90	Y0/Ycn, n=1, 2, 3, 7, 14, 30, 60,	Y0/Ycn, 1≤n≤30	Y0/Ycn, 1≤n≤90	Y0/Ycn, n = 1, 7, 14 и 30	Y0/Ycn, n=1, 2, 3, 7, 14, 30	Y0/Ycn, n = 1, 7, 14 и 30	Y0/Ycn, 1≤n≤7	Y0/Ycn, 1≤n≤30	Y0/Ycn, 1≤n≤7	Т0, Y0	Y0/Yc1	Т0/Yc1	Т0	Y0													
			Есеп айырысу валюталары																																		
		KZT	KZT	USD	USD	CNY	CNY	KZT	USD	CNY	KZT	CNY	USD	KZT	KZT	KZT	KZT	KZT	KZT	USD	USD	CNY	USD	USD	CNY	KZT	USD	CNY	AED	EUR	KZT	CNY	USD	KZT	KZT	KZT
А	**1**	**2**	**3**	**4**	**5**	**6**	**7**	**8**	**9**	**10**	**11**	**12**	**13**	**14**	**15**	**16**	**17**	**18**	**19**	**20**	**21**	**22**	**23**	**24**	**25**	**26**	**27**	**28**	**29**	**29-1**	**30**	**31**	**32**	**33**	**34**	**35**
	Басқармасының 2026 жылғы 01 қазандағы шешімімен өзгертілген)																																			
16.	Клирингілік қатысу сертификаттары (USD) *(осы ұяшықтың мәтіні Биржа Басқармасының 2026 жылғы 01 қазандағы шешімімен өзгертілген)*																				✓			✓												

№	Қаржы құралдарының топтары		Сауда-саттық режимдері																																		
			"Т0 [ҚҚТ] "	"Т+ [ҚҚТ] "	"Т0 [ҚҚТ] (USD)"	"Т+ [ҚҚТ] (USD)"	"Т0 [ҚҚТ] (CNY)"	"Т+ [ҚҚТ] (CNY)"	"ОК қатысатын тікелей Са/С"	"ОК қатысатын тікелей Са/С	"ОК қатысатын тікелей Са/С	"Ұсақ лоттар"	"ОК қатысатын авторепо"	"ОК қатысатын тікелей репо"	"ОК қатысатын авторепо (USD)"	"ОК қатысатын авторепо	"ОК қатысатын тікелей репо (USD)"	"ОК қатысатын тікелей репо	"Орналастыру/сату"	Өзін-өзі реттеу: Авторепо	Реттеу: Авторепо	ОК қатысатын автомат.	ОК қатысатын автомат.													
			Сауда-саттық әдістері																																			
		УҚ Аукцион	УҚ Аукцион	УҚ Аукцион	УҚ Аукцион	УҚ Аукцион	УҚ Аукцион	Тікелей мәмілелер	Тікелей мәмілелер	Тікелей мәмілелер	УҚ Аукцион	УҚ Аукцион	Тікелей мәмілелер	УҚ Аукцион	УҚ Аукцион	Тікелей мәмілелер	Тікелей мәмілелер	Жазылу және жария ұсыныс	УҚ Аукцион	УҚ Аукцион	Тікелей мәмілелер	Тікелей мәмілелер													
		Т0	Y2	Т0	Y2	Т0	Y2	Т0	Т0	Т0	Т0, Y2	Y0/Ycn, n=1	Y0/Ycn, n=1, 2, 3, 7, 14, 30	Y0/Ycn, n=1, 2, 3, 7, 14, 30, 90	Y0/Ycn, n=1, 2, 3, 7, 14, 30, 60,	Y0/Ycn, 1≤n≤30	Y0/Ycn, 1≤n≤90	Y0/Ycn, n = 1, 7, 14 и 30	Y0/Ycn, n=1, 2, 3, 7, 14, 30	Y0/Ycn, n = 1, 7, 14 и 30	Y0/Ycn, 1≤n≤7	Y0/Ycn, 1≤n≤30	Y0/Ycn, 1≤n≤7	Т0, Y0	Y0/Yc1	Т0/Yc1	Т0	Y0													
		Есеп айырысу валюталары																																				
		KZT	KZT	USD	USD	CNY	CNY	KZT	USD	CNY	KZT	CNY	USD	KZT	KZT	KZT	KZT	KZT	KZT	USD	USD	CNY	USD	USD	CNY	KZT	USD	CNY	AED	EUR	KZT	CNY	USD	KZT	KZT	KZT		
А	**1**	**2**	**3**	**4**	**5**	**6**	**7**	**8**	**9**	**10**	**11**	**12**	**13**	**14**	**15**	**16**	**17**	**18**	**19**	**20**	**21**	**22**	**23**	**24**	**25**	**26**	**27**	**28**	**29**	**29-1**	**30**	**31**	**32**	**33**	**34**	**35**		
17.	ДҚ және ЖҚ ҚҚ (KASE Global)		✓					✓							✓			✓							✓				✓				✓	✓	✓	✓		
18.	ДҚ және ЖҚ ҚҚ (KASE Global) (USD)				✓			✓	✓									✓		✓		✓				✓						✓	✓	✓	✓	✓		
19.	ДҚ және өзге де ҚҚ CNY ЧО						✓			✓											✓		✓				✓				✓							
20.	Акциялар және өзге де ҚҚ CNY ПП					✓				✓																	✓											
21.	ДҚ және ЖҚ ҚҚ (KASE Global) CNY						✓			✓											✓		✓				✓				✓							
22.	ЖҚ еурооблигациялар (себет) CNY						✓			✓		✓									✓		✓				✓				✓							

№	Қаржы құралдарының топтары		Сауда-саттық режимдері																																
		"Т0 [ҚҚТ] "	"Т+ [ҚҚТ] "	"Т0 [ҚҚТ] (USD)"	"Т+ [ҚҚТ] (USD)"	"Т0 [ҚҚТ] (CNY)"	"Т+ [ҚҚТ] (CNY)"	"ОК қатысатын тікелей Са/С"	"ОК қатысатын тікелей Са/С	"ОК қатысатын тікелей Са/С	"Ұсақ лоттар"	"ОК қатысатын авторепо"	"ОК қатысатын тікелей репо"	"ОК қатысатын авторепо (USD)"	"ОК қатысатын авторепо	"ОК қатысатын тікелей репо (USD)"	"ОК қатысатын тікелей репо	"Орналастыру/сату"	Өзін-өзі реттеу: Авторепо	Реттеу: Авторепо	ОК қатысатын автомат.	ОК қатысатын автомат.													
		Сауда-саттық әдістері																																		
		УҚ Аукцион	УҚ Аукцион	УҚ Аукцион	УҚ Аукцион	УҚ Аукцион	УҚ Аукцион	Тікелей мәмілелер	Тікелей мәмілелер	Тікелей мәмілелер	УҚ Аукцион	УҚ Аукцион	Тікелей мәмілелер	УҚ Аукцион	УҚ Аукцион	Тікелей мәмілелер	Тікелей мәмілелер	Жазылу және жария ұсыныс	УҚ Аукцион	УҚ Аукцион	Тікелей мәмілелер	Тікелей мәмілелер													
		Есеп айырысу кодтары																																		
		Т0	Y2	Т0	Y2	Т0	Y2	Т0	Т0	Т0	Т0, Y2	Y0/Ycn, n=1	Y0/Ycn, n=1, 2, 3, 7, 14, 30	Y0/Ycn, n=1, 2, 3, 7, 14, 30, 90	Y0/Ycn, n=1, 2, 3, 7, 14, 30, 60,	Y0/Ycn, 1≤n≤30	Y0/Ycn, 1≤n≤90	Y0/Ycn, n = 1, 7, 14 и 30	Y0/Ycn, n=1, 2, 3, 7, 14, 30	Y0/Ycn, n = 1, 7, 14 и 30	Y0/Ycn, 1≤n≤7	Y0/Ycn, 1≤n≤30	Y0/Ycn, 1≤n≤7	Т0, Y0	Y0/Yc1	Т0/Yc1	Т0	Y0													
		Есеп айырысу валюталары																																		
	KZT	KZT	USD	USD	CNY	CNY	KZT	USD	CNY	KZT	CNY	USD	KZT	KZT	KZT	KZT	KZT	KZT	USD	USD	CNY	USD	USD	CNY	KZT	USD	CNY	AED	EUR	KZT	CNY	USD	KZT	KZT	KZT
А	**1**	**2**	**3**	**4**	**5**	**6**	**7**	**8**	**9**	**10**	**11**	**12**	**13**	**14**	**15**	**16**	**17**	**18**	**19**	**20**	**21**	**22**	**23**	**24**	**25**	**26**	**27**	**28**	**29**	**29-1**	**30**	**31**	**32**	**33**	**34**	**35**
23.	ЖҚ еурооблигациялар CNY						✓			✓		✓									✓		✓				✓				✓					
24.	ТҚ еурооблигациялар CNY					✓				✓		✓															✓									

Мәміле жасасу ережелеріне 1-4-қосымшалардың мақсаттары үшін пайдаланылған аббревиатуралар, қысқартулар және шартты белгілер:

"Авторепо" "автоматты" тәсілмен жүзеге асырылатын репо операциялары;

Акциялар және өзге де ЖҚ ҚҚ топқа Т+ тізіміне енгізілген инвестициялық қорлардың ұлттық валютадағы есеп айырысатын акциялары мен бағалы қағаздары кіреді;

Акциялар және өзге де ТҚ ҚҚ	топқа инвестициялық қорлардың акциялары мен бағалы қағаздары, Т+ тізіміне енгізілмеген ұлттық валютадағы есеп айырысатын "таза емес" бағамен сатылатын облигациялар кіреді;
ҚР ЖҚ МБҚ	топқа Т+ тізіміне енгізілген ұлттық валютадағы есеп айырысатын Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған бағалы қағаздар кіреді;
ҚР ТҚ МБҚ	топқа Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған бағалы қағаздар, Т+ тізіміне енгізілмеген, ұлттық валютадағы есеп айырысатын жергілікті атқарушы органдардың бағалы қағаздары кіреді;
ҚҚТ	қаржы құралдарының тобы;
ДҚ және өзге де ЖҚ ҚҚ (валюта)	топқа Т+ тізіміне енгізілген АҚШ долларымен есеп айырысатын туынды бағалы қағаздар, акциялар және инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары кіреді;
ДҚ және өзге де ТҚ ҚҚ (валюта)	топқа Т+ тізіміне енгізілмеген АҚШ долларындағы есеп айырысуымен "таза емес" бағамен сатылатын туынды бағалы қағаздар, акциялар, инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары және облигациялар кіреді;
ДҚ және ЖҚ ҚҚ (KASE Global)	топқа ұлттық валютадағы есеп айырысу валютасымен "KASE Global" секторының бағалы қағаздары кіреді;
ДҚ және ЖҚ ҚҚ (KASE Global) (USD)	топқа АҚШ долларымен есеп айырысу валютасымен "KASE Global" секторының бағалы қағаздары кіреді;
Егеменді еуроноттар	топқа Т+ тізіміне кіретін Қазақстан Республикасынан басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес Қаржы министрлігі шығарған, АҚШ долларымен номинацияланған бағалы қағаздар кіреді;
ЖҚ еурооблигациялар	топқа Қазақстан Республикасынан басқа мемлекеттің заңнамасына сәйкес шығарылған, АҚШ долларымен номинацияланған облигациялар (оның ішінде халықаралық қаржы ұйымдарының облигациялары) және Т+ тізіміне енгізілген шетелдік мемлекеттік бағалы қағаздар кіреді;
ТҚ еурооблигациялар	топқа Қазақстан Республикасынан басқа мемлекеттің заңнамасына сәйкес шығарылған, АҚШ долларымен номинацияланған облигациялар (оның ішінде халықаралық қаржы ұйымдарының облигациялары) және Т+ тізіміне енгізілмеген шетелдік мемлекеттік бағалы қағаздар кіреді;
ҚР МБҚ себеті	"Сауда-саттық регламенті және қаржы құралдарының параметрлері" ішкі құжатына сәйкес бағалы қағаздар кіреді;
ҚР МБҚ себеті (гросс)	"Сауда-саттық регламенті және қаржы құралдарының параметрлері" ішкі құжатына сәйкес бағалы қағаздар кіреді;
ҚРҰБ себеті	"Сауда-саттық регламенті және қаржы құралдарының параметрлері" ішкі құжатына сәйкес бағалы қағаздар кіреді;
ТММС себеті	"Сауда-саттық регламенті және қаржы құралдарының параметрлері" ішкі құжатына сәйкес бағалы қағаздар кіреді;
Са/С	сатып алу-сату мәмілесі;
ҮҚ Аукцион	үздіксіз қарсы аукцион әдісімен мәміле жасасу;

ЖҚ облигациялар	топқа Т+ тізіміне енгізілген ұлттық валютадағы есеп айырысуымен "таза" бағамен сатылатын корпоративтік облигациялар кіреді;
ТҚ облигациялар	топқа Т+ тізіміне енгізілмеген ұлттық валютадағы есеп айырысуымен "таза" бағамен сатылатын корпоративтік облигациялар кіреді;
ТҚ	орталық контрагентпен мәміле жасасу шарты, бұл ретте осы жасасу нәтижесінде туындайтын міндеттемелер бойынша олар орындалған кезге дейін пайда болатын қаржы құралдарында толық қамтамасыз етудің болуын тексеру жүзеге асырылады;
"Тікелей репо"	"тікелей" тәсілмен жүзеге асырылатын репо операциялары;
Тікелей мәмілелер	тікелей мәміле жасасу әдісімен мәміле жасасу;
ДҚ және өзге де ЖҚ ҚҚ CNY	топқа Т+ тізіміне енгізілген юаньмен есеп айырысатын туынды бағалы қағаздар, акциялар және инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары кіреді;
1.	Өтініш беру	Бастамашы Биржаға аукцион өткізілетін күнге дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей Биржаның интернет-ресурсында орналастырылған белгіленген нысандағы мамандандырылған сауда-саттықты (бұдан әрі – аукцион (қайталама аукцион)) өткізуге өтінішті ұсынуға тиіс. Өтініште күнін, уақытын, бағалы қағаздардың санын, өтінімдер беру тәртібін және нарықтық өтінімдердің жол берілетін пайызын қоса алғанда, аукционның (қайталама аукционның) негізгі параметрлері мен шарттары көрсетіледі. Аукционды (қайталама аукционды) ұйымдастыру және өткізу мақсатында Биржаның алуына арналған құжаттарды Бастамашы Биржаның электрондық қызметтер платформасын пайдалана отырып жібереді.	Аукцион (қайталама аукцион) Биржада айналысқа жіберілген мемлекеттік қазынашылық міндеттемелерді (бұдан әрі – МҚМ) орналастыру үшін пайдаланылады. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі (бұдан әрі – ҚРҚМ) аукционның бастамашысы болуға құқылы. ҚРҚМ Биржаның интернет-ресурсында орналастырылған мемлекеттік қазынашылық міндеттемелерді (оның ішінде қайталама аукцион үшін) орналастыру бойынша мамандандырылған сауда-саттықты өткізуге өтінішті аукцион (қайталама аукцион) өткізілетін күнге дейін екі жұмыс күнінен кешіктірмей Биржаға береді. Өтінімде күнін, уақытын, бағалы қағаздардың санын, өтінімдер беру тәртібін және нарықтық өтінімдердің жол берілетін пайызын қоса алғанда, аукционның негізгі параметрлері мен шарттары көрсетіледі. МҚМ орналастыру бойынша қайталама аукцион өткізу шұғыл қажет болған кезде ҚРҚМ Биржаға өз өтінішін мерзімінен кеш беруге құқылы, бұл ретте: 1) ҚРҚМ өтініші осы аукцион өткізілетін күннің алдындағы соңғы жұмыс күні Алматы уақытымен 17.00-ге дейін алынуы тиіс; 2) осы аукцион өткізілетін күні Алматы уақытымен сағат 10.00-ге дейін Биржа қор нарығының СҚЖ арқылы бастапқы

р/с №	Кезең	Бағалы қағаздар бойынша мамандандырылған сауда-саттық	Мемлекеттік қазынашылық міндеттемелер бойынша мамандандырылған сауда-саттық
А	1	2	3
			дилерлерге осы аукционның өткізілетіні туралы ақпараттық хабарлама береді. Биржаның аукционды (қайталама аукционды) ұйымдастыру және өткізу мақсатында алуға арналған құжаттарды ҚРҚМ сауда-саттық қызметін қамтамасыз ететін Биржа бөлімшесінің корпоративтік мекенжайына электрондық түрде .pdf форматында жібереді, ол кейіннен түпнұсқасы қағаз нұсқада ұсынылатын осындай құжаттың түпнұсқасының сканерленген нұсқасы болып табылады
2.	Шарттарды тексеру және қосымша ақпарат сұрату	Егер бұл аукционды (қайталама аукционды) ұйымдастыру және өткізу үшін қажет болса, Бастамашы Биржаның сұрау салуы бойынша өтініште көрсетілмеген қосымша шарттарды ұсынуға міндетті	–
3.	Ақпараттық хабарды жариялау	Биржа өзінің интернет-ресурсында аукцион өткізу туралы ақпараттық хабарламаны оны өткізгенге дейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей жариялайды	Биржа аукцион (қайталама аукцион) өткізу туралы ақпараттық хабарламаны қор нарығының СКЖ арқылы береді, сондай-ақ оны оны өткізгенге дейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей өзінің интернет-ресурсында жариялайды. МҚМ орналастыру бойынша қайталама аукцион өткізудің шұғыл қажеттілігі кезінде Биржа осы аукцион өткізілетін күні Алматы уақытымен сағат 10.00-ге дейін Биржаның интернет-ресурсында осы қайталама аукцион өткізілетіні туралы ақпараттық хабарлама жариялайды
4.	Шарттардан бас тарту/өзгерту мүмкіндігі	Аукцион (қайталама аукцион) басталғанға дейін Бастамашы Биржаға жазбаша хабарлама жіберу арқылы оны өткізуден бас тартуға құқылы, мұндай жағдайда өтініш күші жойылды деп есептеледі, ал Биржа оны өткізудің күшін жою туралы хабарламаны Биржаның интернет-ресурсында жариялайды. Аукционның күні мен уақытын неғұрлым кеш мерзімге, бірақ екі реттен аспайтын мерзімге өзгертуге, сондай-ақ оны өткізу басталғанға дейін 30 минуттан кешіктірмей күнді өзгертпей уақытты ауыстыруға жол беріледі. Өзге шарттарды өзгертуге жол берілмейді	Аукцион (қайталама аукцион) басталғанға дейін ҚРҚМ Биржаға жазбаша хабарлама жіберу арқылы оны өткізуден бас тартуға құқылы, мұндай жағдайда өтініш күші жойылды деп есептеледі, ал Биржа оны өткізудің күшін жою туралы хабарламаны Биржаның интернет-ресурсында жариялайды. Аукционның (қайталама аукционның) күні мен уақытын неғұрлым кеш мерзімге өзгертуге, сондай-ақ күнін өзгертпей уақытты басталғанға дейін 30 минуттан кешіктірмей ауыстыруға жол беріледі. Өзге шарттарды өзгертуге жол берілмейді

р/с №	Кезең	Бағалы қағаздар бойынша мамандандырылған сауда-саттық	Мемлекеттік қазынашылық міндеттемелер бойынша мамандандырылған сауда-саттық
А	1	2	3
5.	Қарсы өтінімдерді қабылдау	Аукцион (қайталама аукцион) Бастамашы өтініште көрсеткен күні және уақытта өткізіледі. Аукцион басталысымен сауда-саттыққа қатысушылар дербес белгіленген бағалар бойынша қарсы өтінімдер беру құқығына ие болады. Сауда-саттыққа қатысушылар өтінімдерді қабылдау кезеңі ішінде өз өтінімдерін өзгертуге және жоюға құқылы. Сауда-саттыққа қатысушылардың нарықтық өтінімдері көлемінің жол берілетін пайызы 0-ден 100 %-ға дейін белгіленеді және әрбір сауда-саттыққа қатысушы бойынша жеке-жеке берілген шектелімді өтінімдер көлемінен есептеледі. Сауда-саттыққа қатысушы бір сауда-саттыққа қатысушыға нарықтық өтінімдерді берудің рұқсат етілген пайызын қамтамасыз ету мақсатында шектелімді өтінімдерді бергеннен кейін ғана нарықтық өтінімдерді беруге болады; бұл ретте, егер сауда-саттыққа бір қатысушыға нарықтық өтінімдердің жол берілетін пайызы бұзылса, шектелімді өтінімді алып тастауға тыйым салынады. Егер нарықтық өтінімдер көлемінің пайызы 0 % мөлшерінде белгіленсе, онда қор нарығының СҚЖ нарықтық өтінімдер көлемінің пайызы тексермейді. Үлестік бағалы қағаздарды не мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздарды орналастыру немесе сатып алу мақсатында аукцион өткізу кезінде сауда-саттыққа қатысушылардың минималды саны шектелмейді. Егер сауда-саттыққа қатысушылардың саны екеуден кем болса немесе Биржа бірде-бір шектелімді қарсы өтінімді қабылдамаса, аукцион өткізілмеді деп танылады және жарияланады.	ҚРҚМ өтініші бойынша Биржа ұйымдастыратын МҚМ-ны орналастыру кезінде МҚМ-ны орналастыру туралы хабарландыруға жауап ретінде Биржаға өз атынан, өз мүддесі үшін және өз есебінен бастапқы дилерлер ғана өтінім бере алады. Қор нарығының СҚЖ-де бастапқы дилердің өтінімі өз атынан, бірақ оның клиентінің не бастапқы дилер болып табылмайтын сауда-саттыққа өзге қатысушының мүддесі мен есебінен тіркелген жағдайда, мұндай өтінімді маклер өтінімдерді қабылдау аяқталған уақытқа дейін алып тастайды және қабылданған өтінімдер тізіліміне енгізілмейді. МҚМ орналастыру бойынша аукцион (қайталама аукцион) өткізілетін күні Биржа өтінімдерді Алматы уақытымен сағат 09.00-ден 12.00-ге дейін қабылдайды. Осы уақыт аралығында бастапқы дилерлер Биржа қабылдаған өтінімдердің күшін жоюға және олардың шарттарын өзгертуге құқылы. Аукцион басталысымен бастапқы дилерлер өз бетінше белгіленген бағалар бойынша қарсы өтінімдер беру құқығын алады. Бастапқы дилерлердің нарықтық өтінімдері көлемінің жол берілетін пайызы 0-ден 100 %-ға дейін белгіленеді және әрбір бастапқы дилер бойынша бөлек берілген шектелімді өтінімдер көлемінен есептеледі. Нарықтық өтінімдерді беру бір бастапқы дилерге нарықтық өтінімдерді берудің рұқсат етілген пайызын қамтамасыз ету мақсатында бастапқы дилер шектелімді өтінімдерді бергеннен кейін ғана мүмкін болады; бұл ретте, егер бір бастапқы дилерге нарықтық өтінімдердің жол берілетін пайызы бұзылса, шектелімді өтінімді алып тастауға тыйым салынады. Егер нарықтық өтінімдер көлемінің пайызы 0 % мөлшерінде белгіленсе, онда қор нарығының СҚЖ нарықтық өтінімдер көлемінің пайызы тексерілмейді. МҚМ-ны орналастыру мақсатында аукцион (қайталама аукцион) өткізу кезінде бастапқы дилерлердің ең аз саны шектелмейді.

р/с №	Кезең	Бағалы қағаздар бойынша мамандандырылған сауда-саттық	Мемлекеттік қазынашылық міндеттемелер бойынша мамандандырылған сауда-саттық
А	1	2	3
6.	Өтінімдерді қабылдаудың аяқталуы	Қабылдау кезеңі аяқталғаннан кейін қарсы өтінімдердің күшін жоюға немесе өзгертуге болмайды. Биржа қабылданған өтінімдердің жиынтық ақпартізімін қалыптастырады және оны берілетін деректердің құпиялылығын және өзгермеуін қамтамасыз ететін криптографиялық қорғау құралдарын пайдалана отырып, кепілдік берілген жеткізудің көлік жүйесі арқылы Бастамашыға береді. Ақпартізімде бағалы қағаздарды шығару шарттарын және өтінімнің параметрлерін негізге ала отырып, Бастамашыға өтінімдерді қанағаттандыру туралы (кесімді бағаны таңдау туралы) немесе өтінімдерді қанағаттандырудан бас тарту туралы негізделген шешім қабылдауға мүмкіндік беретіндей мәліметтерді қамтиды; жиынтық ақпартізімге осы өтінімдерді берген сауда-саттыққа қатысушылар туралы мәліметтер енгізілмейді.	Қабылдау кезеңі аяқталғаннан кейін қарсы өтінімдердің күшін жоюға немесе өзгертуге болмайды. Алматы уақытымен сағат 13.00-ге дейін Биржа ҚРҚМ-ның корпоративтік мекенжайына ол қабылдаған өтінімдердің жиынтық ақпартізімін .pdf форматында қалыптастырады және кейіннен түпнұсқасын қағаз нұсқада ұсына отырып, ҚРҚМ-на береді; бұл ретте көрсетілген ақпартізімге енгізілетін мәліметтер көлемі МҚМ шығару шарттары мен өтініштің параметрлеріне сүйене отырып, ҚРҚМ-ға Биржа қабылдаған өтінімдерді қанағаттандыру туралы (кесімді бағаны таңдау туралы) немесе МҚМ орналастырудан бас тарту туралы негізделген шешім қабылдауға мүмкіндік беретіндей етіп анықталады; Биржа қабылдаған өтінімдердің жиынтық ақпартізіміне осы өтінімдерді берген бастапқы дилерлер туралы ақпарат енгізіледі
7.	Бастамашының шешімі	Бастамашы Биржаға өтінімдерді толық немесе ішінара қанағаттандыру (кесім бағасын таңдай отырып) немесе оларды қанағаттандырудан бас тарту туралы өзінің шешімі туралы хабар береді. Көрсетілген хабарға енгізілетін мәліметтердің көлемі Биржаға қанағаттандыруға жататын қарсы өтінімдер берген сауда-саттыққа қатысушылар арасында бағалы қағаздарды біржақты бөлуге мүмкіндік беруі тиіс. Өтінімдерді қанағаттандыру туралы шешім қабылдау Бастамашының мәміле жасасуға келісімін білдіреді. Бастамашы өтініште көрсетілген бағалы қағаздар саны шегінде де, сондай-ақ қолданылып жүрген заңдарға және осы бағалы қағаздарды шығару шарттарына сәйкес орналастыруға (сатуға, кері сатып алуға, иемденуге) болатын бағалы қағаздардың осындай санынан асыра (бірақ жалпы санынан артық емес) өтінімдерді қанағаттандыруға құқылы	Алматы уақытымен сағат 15.00-ге дейін ҚРҚМ Биржа қабылдаған өтінімдерді қанағаттандыру (кесімді бағаны таңдау туралы) немесе МҚМ орналастырудан бас тарту туралы өзінің шешімі туралы Биржаға хабарлама береді; бұл ретте: ҚРҚМ-ның Биржа қабылдаған өтінімдерді қанағаттандыру туралы шешімі (кесімді бағаны таңдау туралы) ҚРҚМ өтінішінің және осы шешімнің параметрлеріне сәйкес баға (бағалар) бойынша және мөлшерде орналастырылатын МҚМ-мен мәміле жасасуға оның келісімін білдіреді; өз кезегінде, осы мәмілелерді жасау фактісі олар бойынша есеп айырысу жүргізу үшін негіз болып табылады; ҚРҚМ Биржа қабылдаған өтінімдерді қанағаттандыру туралы (кесімді бағаны таңдау туралы) шешім қабылдаған кезде ҚРҚМ Биржа қабылдаған өтінімдерді ҚРҚМ өтінімінде көрсетілген орналастырылған МҚМ саны шегінде де, сондай-ақ осындай саннан асыра қанағаттандыруға құқылы; ҚРҚМ Биржа қабылдаған өтінімдерді қанағаттандыру туралы (кесімді бағасын таңдау туралы) шешім қабылдаған жағдайда

р/с №	Кезең	Бағалы қағаздар бойынша мамандандырылған сауда-саттық	Мемлекеттік қазынашылық міндеттемелер бойынша мамандандырылған сауда-саттық
А	1	2	3
			көрсетілген хабарламаға енгізілетін мәліметтер көлемі Биржаға МҚМ шығару шарттарына, ҚРҚМ өтінімінің және осы шешімнің параметрлеріне сәйкес қанағаттандырылуға тиіс өтінімдерді берген бастапқы дилерлер арасында МҚМ-ны біржақты бөлуге мүмкіндік беруге тиіс; ҚРҚМ МҚМ-ны орналастырудан бас тарту туралы шешім қабылдаған жағдайда көрсетілген хабарламада осындай бас тарту себебінің сипаттамасы қамтылуға тиіс
8.	Мәмілелерді қалыптастыру және есеп айырысу	Өтінімдерді қанағаттандыру Биржаның маклері Биржаның қарсы өтінімдерді қанағаттандыру туралы алған хабарламасы негізінде қор нарығының СКЖ-не өтінім беру жолымен жүзеге асырылады. Өтінімдерді қанағаттандыру тәртібі Биржаның Директорлар кеңесі бекіткен Сауда-саттықты жүзеге асыру ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады. Биржа бастамашының хабарламасындағы ақпаратқа сәйкес қор нарығының СКЖ-де мәмілелерді қалыптастырады, олардың негізінде осы мәмілелерді тіркеуге арналған бұйрықтардың ақпартізімін қалыптастырады. Клиринг орталығы Орталық депозитарийге мәмілелер бойынша есеп айырысу жүргізу үшін тиісті бағдарламалық модуль арқылы бұйрықтар ақпартізімін жібереді. Аукционды өткізу кезінде Орталық депозитарий қатысушының Орталық депозитарийде немесе БААЖ-да ашылған банк шотында осындай сауда-саттыққа қатысушының барлық мәмілелері бойынша есеп айырысу жүргізу үшін жеткілікті мөлшерде ақша болмаған кезде, сондай-ақ Орталық депозитарийдің Ережелер жинағында айқындалған жағдайларда барлық мәмілелер бойынша есеп айырысу жүргізуден бас тартады. Жасалған мәмілелер бойынша есеп айырысу жүргізу уақыты аукцион өткізу параметрлеріне және Қазақстан Республикасының заңнамасына, оның Ережелер жинағына	Биржа ҚРҚМ-ның Биржа қабылдаған өтінімдерді қанағаттандыру туралы шешімін алғаннан кейін (кесімді бағаны таңдау туралы) ол дереу, бірақ Алматы уақытымен 15.00-ден ерте емес, қор нарығының СКЖ-де мәмілелер қалыптастырады. МҚМ бойынша есеп есеп айырысу ҚРҚМ өтінішінде көрсетілген схемаға байланысты Т+0 немесе Т+2 схемасы бойынша жүзеге асырылады. Клиринг орталығы Орталық депозитарийге оның ережелер жинағына және Орталық депозитарий осы клиринг орталығымен жасасқан шартқа сәйкес орналастырылатын МҚМ-мен жасалған мәмілелер бойынша есеп айырысу жүргізуге арналған тиісті бағдарламалық модуль арқылы бұйрық береді: Т+0 есеп айырысу схемасымен МҚМ орналастыру бойынша аукцион өткізілген жағдайда – Алматы уақытымен сағат 15.00-ден бастап Т+0, не Т+2 есеп айырысу схемасымен МҚМ орналастыру бойынша аукцион өткізілген жағдайда – Алматы уақытымен сағат 16.00-ден бастап Т+2. Бастапқы дилер өзі сатып алған МҚМ-ға ақы төлеу үшін жеткілікті сомада ақшаның болуын қамтамасыз етуге міндетті (бастапқы дилер берген және Биржа қабылдаған барлық өтінімдер қанағаттандырылуға тиіс деген болжам негізге алына отырып): 1) МҚМ орналастыру бойынша аукцион (қайталама аукцион) өткізу кезінде:

р/с №	Кезең	Бағалы қағаздар бойынша мамандандырылған сауда-саттық	Мемлекеттік қазынашылық міндеттемелер бойынша мамандандырылған сауда-саттық
А	1	2	3
		және аукцион өткізу шарттарына сәйкес Орталық депозитарий тарапынан тексеру жүргізу қажеттілігіне байланысты	Т+0 есеп айырысу схемасы кезінде Алматы уақытымен күндізгі 15.00-ге Т+0 Т+2 есеп айырысу схемасы кезінде Алматы уақытымен күндізгі 16.00-ге дейін Т+2. Орналастырылатын МҚМ бойынша есеп айырысуды Орталық депозитарий оның ережелер жинағына сәйкес жүзеге асырады: 1) МҚМ орналастыру бойынша аукцион (қайталама аукцион) өткізу кезінде: Т+0 есеп айырысу схемасы кезінде Алматы уақытымен сағат 15.00-ден бастап Т+0, не Т+2 есеп айырысу схемасы кезінде Алматы уақытымен сағат 16.00-ден бастап Т+2
9.	Аукцион қорытындылары	Биржа аукцион өткізудің қорытындылары бойынша мәмілелер бойынша биржалық куәліктерді қалыптастырады және Бастамашыға және сауда-саттыққа қатысушыларға береді. Қатысушылар туралы ақпараты бар мәмілелер ақпартізімі Бастамашыға беріледі және құпия болып табылады	Мәмілелер бойынша есеп айырысу жүзеге асырылатын күн аяқталғанға дейін Биржа өтінімдері Биржа қабылдаған өтінімдерді қанағаттандыру туралы (кесімді бағаны таңдау туралы) ҚРҚМ шешіміне сәйкес қанағаттандырылған бастапқы дилерлерге орналастырылған МҚМ бойынша Орталық депозитарий жүзеге асырған есеп айырысу нәтижелерін ескере отырып, Биржа қалыптастырған биржа куәліктерін береді. МҚМ орналастыру жөніндегі қайталама аукцион осы шығарылымның МҚМ орналастыру жөніндегі есеп есеп айырысу жүзеге асырылған күннен кейін кез келген жұмыс күні өткізілуі мүмкін. Биржа ҚРҚМ-дан мамандандырылған сауда-саттық әдісімен МҚМ-ны орналастыру бойынша сауда-саттықты ұйымдастырғаны және өткізгені үшін қандай да бір сыйақы және қандай да бір алым алмайды
10.	Ақпараттық хабарды жариялау	Биржа есеп айырысуды жүзеге асырған күні өзінің интернет-ресурсында аукционды (қайталама аукционды) өткізу қорытындылары туралы хабарламаны жариялайды	Биржа есеп айырысуды жүзеге асырған күні өзінің интернет-ресурсында аукционды (қайталама аукционды) өткізу қорытындылары туралы хабарламаны жариялайды
Қосымша орналастыру			

р/с №	Кезең	Бағалы қағаздар бойынша мамандандырылған сауда-саттық	Мемлекеттік қазынашылық міндеттемелер бойынша мамандандырылған сауда-саттық
А	1	2	3
1	Бастамашының өтініш беруі	Мамандандырылған сауда-саттықта орналастырылатын бағалы қағаздарды қосымша орналастыру (бұдан әрі – қосымша орналастыру аукционы) аукцион өткізілетін күні ғана өткізілуі мүмкін. Қосымша орналастыру аукционын өткізу үшін Бастамашы Биржаға өтінімдерді қанағаттандыру және кесімді бағаны таңдау туралы шешіммен бір мезгілде еркін нысандағы өтініш береді, онда: 1) қосымша орналастырылатын бағалы қағаздардың саны туралы; 2) аукцион нәтижелері бойынша аукцион бастамашысы анықтаған баға туралы; 3) Биржаның қарсы өтінімдерді қабылдау кезеңінің басталу және аяқталу уақыты туралы; 4) Бастамашының пікірінше, осы сауда-саттықты ұйымдастыру және өткізу үшін қажетті өзге де ықтимал мәліметтер қамтылуы тиіс. Биржаның қосымша орналастыру аукционын ұйымдастыру және өткізу мақсатында алуға арналған құжаттарды Бастамашы Биржаның электрондық қызметтер платформасын пайдалана отырып жібереді	Қосымша орналастыру аукционында орналастырылатын МҚМ-ны қосымша орналастыру аукцион өткізілетін күні ғана жүргізілуі мүмкін. Қосымша орналастыру аукционын өткізу үшін ҚРҚМ Биржаға Биржаның интернет-ресурсында орналастырылған белгіленген нысандағы өтінішті осы сауда-саттық өткізілетін күнгі Алматы уақытымен 15.00-ге дейін береді, онда: 1) қосымша орналастырылатын қазынашылық міндеттемелердің саны туралы; 2) аукцион нәтижелері бойынша аукцион бастамашысы анықтаған баға туралы; 3) Биржаның қарсы өтінімдерді қабылдау кезеңінің басталу және аяқталу уақыты туралы; 4) ҚРҚМ пікірінше, осы сауда-саттықты ұйымдастыру және өткізу үшін қажетті өзге де ықтимал мәліметтер қамтылуы тиіс. Биржаның қосымша орналастыру аукционын ұйымдастыру және өткізу мақсатында алуға арналған құжаттарды ҚРҚМ сауда-саттық қызметін қамтамасыз ететін Биржа бөлімшесінің корпоративтік мекенжайына электрондық түрде .pdf форматында жібереді, ол кейіннен түпнұсқасы қағаз нұсқада ұсынылатын осындай құжаттың түпнұсқасының сканерленген нұсқасы болып табылады
2	Шарттарды тексеру және қосымша ақпарат сұрату	Биржаның сұрау салуы бойынша Бастамашы қосымша орналастыру аукционы өткізілгенге дейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей қосымша орналастыру аукционын ұйымдастыру және өткізу мүмкіндігі үшін өтініште көрсетілмеген қосымша шарттарды беруге міндетті	Биржаның сұрау салуы бойынша ҚРҚМ қосымша орналастыру аукционы өткізілгенге дейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей қосымша орналастыру аукционын ұйымдастыру және өткізу мүмкіндігі үшін өтініште көрсетілмеген қосымша шарттарды ұсынуға міндетті
3	Ақпараттық хабарды жариялау	Биржа өтінішті қабылдағаннан кейін 30 минут ішінде сауда-саттыққа қатысушыларға электрондық пошта арқылы немесе қор нарығының СКЖ арқылы қосымша орналастыру аукционын өткізу туралы ақпараттық хабарлама жіберіледі. Қосымша ақпараттық хабарлама Биржаның интернет-ресурсында жарияланады	МҚМ-ны қосымша орналастыру бойынша сауда-саттық өткізу күні Алматы уақытымен сағат 15.30-ға дейін Биржа қор нарығының СКЖ арқылы бастапқы дилерлерге береді, сондай-ақ Биржаның интернет-ресурсында осы сауда-саттықтың өткізілетіні туралы ақпараттық хабарлама жариялайды

р/с №	Кезең	Бағалы қағаздар бойынша мамандандырылған сауда-саттық	Мемлекеттік қазынашылық міндеттемелер бойынша мамандандырылған сауда-саттық
А	1	2	3
4	Бас тарту мүмкіндігі	Бастамашы қосымша орналастыру аукционын өткізу басталғанға дейін Биржаға жазбаша хабарлама жіберу арқылы оны өткізуден бас тартуға құқылы; бұл жағдайда: 1) өтініш күші жойылды деп танылады; 2) Биржа сауда-саттыққа қатысушыларға электрондық пошта арқылы немесе қор нарығының СКЖ арқылы жібереді, сондай-ақ интернет-ресурста қосымша орналастыру аукционының күшін жою туралы ақпараттық хабарлама жариялайды	ҚРҚМ қосымша орналастыру аукционын өткізу басталғанға дейін Биржаға жазбаша хабарлама жіберу арқылы оны өткізуден бас тартуға құқылы; бұл жағдайда: 1) өтініш күші жойылды деп танылады; 2) Биржа бастапқы дилерлерге электрондық пошта арқылы немесе қор нарығының СКЖ арқылы жібереді, сондай-ақ интернет-ресурста қосымша орналастыру аукционының күшін жою туралы ақпараттық хабарлама жариялайды
5	Қарсы өтінімдерді қабылдау	Қосымша орналастыру аукционын өткізудің басталуымен сауда-саттыққа қатысушылар нарықтық және/немесе шектелімді өтінімдер беру құқығына ие болады	МҚМ-ны қосымша орналастыру аукционын өткізу кезінде Биржа өтінімдерді Алматы уақытымен 15.30-дан 16.00-ге дейін қабылдайды; осы уақыт аралығында бастапқы дилерлер Биржа қабылдаған өтінімдердің күшін жоюға және олардың шарттарын өзгертуге құқылы
6	Өтінімдерді қабылдаудың аяқталуы	Биржаның қарсы өтінімдерді қабылдау кезеңі аяқталғаннан кейін: 1) қарсы өтінімдердің күшін жоюға, сол сияқты олардың шарттарын өзгертуге болмайды; 2) Биржа өзі қабылдаған қарсы өтінімдердің жиынтық мөлшері туралы мәліметтерді қалыптастырады және Бастамашыға береді; жиынтық ақпартізімге осы өтінімдерді берген сауда-саттыққа қатысушылар туралы мәліметтер енгізілмейді.	Биржаның қарсы өтінімдерді қабылдау кезеңі аяқталғаннан кейін: 1) қарсы өтінімдердің күшін жоюға, сол сияқты олардың шарттарын өзгертуге болмайды; 2) Алматы уақытымен сағат 16.30-ға дейін Биржа өзі қабылдаған өтінімдердің жиынтық мөлшері туралы мәліметтерді қалыптастырады және ҚРҚМ-ға береді; 3) Алматы уақытымен 17.00-ге дейін ҚРҚМ Биржаға Биржа қабылдаған өтінімдерді қанағаттандыру немесе МҚМ орналастырудан бас тарту туралы өз шешімі туралы хабарлама береді
7	Бастамашының шешімі	Өтінімдерді қанағаттандыру туралы шешім қабылдау аукцион бастамашысының бағалы қағаздарды шығару шарттарына, өтініш пен осы шешімнің параметрлеріне сәйкес орналастыру аукционында айқындалған баға бойынша және мөлшерде мәміле жасасуға қосымша орналастыруға келісімін білдіреді.	Биржа қабылдаған өтінімдерді қанағаттандыру туралы ҚРҚМ-ның шешімін қабылдау оның осы шығарылымдағы МҚМ-ны орналастыру бойынша аукцион (қайталама аукцион) нәтижелері бойынша сол күні айқындалған баға бойынша және ҚРҚМ мәлімдемесінің параметрлеріне және осы шешімге сәйкес мөлшерде орналастырылатын МҚМ-мен мәміле жасасуға келісімін білдіреді; өз кезегінде, осы мәмілелерді жасау фактісі олар бойынша есеп айырысу жүргізу үшін негіз болып табылады.

р/с №	Кезең	Бағалы қағаздар бойынша мамандандырылған сауда-саттық	Мемлекеттік қазынашылық міндеттемелер бойынша мамандандырылған сауда-саттық
А	1	2	3
		Бастамашы жиынтық ақпартізімді алғаннан кейін 30 минут ішінде өтінімдерді қанағаттандыру немесе бас тарту туралы шешім қабылдайды. Өтінімдерді қанағаттандырудан бас тарту туралы шешім қабылдау туралы хабарламада осындай бас тарту себебінің сипаттамасы қамтылуға тиіс	ҚРҚМ Биржа қабылдаған өтінімдерді қанағаттандыру туралы шешім қабылдаған кезде ҚРҚМ Биржа қабылдаған өтінімдерді ҚРҚМ өтінімінде көрсетілген қазынашылық міндеттемелердің саны шегінде де, сондай-ақ осындай саннан асыра қанағаттандыруға құқылы. ҚРҚМ қазынашылық міндеттемелерді орналастырудан бас тарту туралы шешім қабылдаған жағдайда көрсетілген хабарламада осындай бас тарту себебінің сипаттамасы қамтылуға тиіс
9	Мәмілелерді қалыптастыру және есеп айырысу	Өтінімдерді қанағаттандыру Биржаның маклері қор нарығының СКЖ-не қарсы өтінімдерді қанағаттандыру туралы Биржа алған хабарлама негізінде жүйеге өтінім беру жолымен жүзеге асырылады. Өтінімдерді қанағаттандыру тәртібі Биржаның Директорлар кеңесі бекіткен Сауда-саттықты жүзеге асыру ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады. Биржа Бастамашының шешіміне сәйкес қор нарығының СКЖ-де мәмілелерді қалыптастырады, олардың негізінде осы мәмілелерді тіркеуге арналған бұйрықтардың ақпартізімін қалыптастырады. Клиринг орталығы Орталық депозитарийге мәмілелер бойынша есеп айырысу жүргізу үшін тиісті бағдарламалық модуль арқылы бұйрықтар ақпартізімін жібереді. Қосымша орналастыру аукционын өткізу кезінде Орталық депозитарий қатысушының Орталық депозитарийде немесе БААЖ-да ашылған банк шотында осындай сауда-саттыққа қатысушының барлық мәмілелері бойынша есеп айырысу жүргізу үшін жеткілікті мөлшерде ақша болмаған кезде, сондай-ақ Орталық депозитарийдің Қағидалар жинағында айқындалған жағдайларда мәмілелер бойынша есеп айырысу жүргізуден бас тартады. Жасалған мәмілелер бойынша есеп айырысу жүргізу уақыты қосымша орналастыру аукционын өткізу параметрлеріне және Қазақстан Республикасының заңнамасына, оның Қосымша орналастыру аукционын	Өтінімдерді қанағаттандыру Биржаның маклері қор нарығының СКЖ-не қарсы өтінімдерді қанағаттандыру туралы Биржа алған хабарлама негізінде жүйеге өтінім беру жолымен жүзеге асырылады. Өтінімдерді қанағаттандыру тәртібі Биржаның Директорлар кеңесі бекіткен Сауда-саттықты жүзеге асыру ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады. Биржа қанағаттандырылған өтінімдер тізіліміне сәйкес қор нарығының СКЖ-де мәмілелерді қалыптастырады, бірақ Алматы уақытымен 17.00-ден ерте емес, олардың негізінде осы мәмілелерді тіркеуге арналған бұйрықтардың ақпартізімін қалыптастырады. Клиринг орталығы Орталық депозитарийге мәмілелер бойынша есеп айырысу жүргізу үшін тиісті бағдарламалық модуль арқылы бұйрықтар ақпартізімін жібереді. Клиринг орталығы Орталық депозитарийге оның ережелер жинағына және Орталық депозитарий осы клиринг орталығымен жасасқан шартқа сәйкес орналастырылатын қазынашылық міндеттемелермен жасалған мәмілелер бойынша есеп айырысу жүргізуге бұйрық береді: Т+0 есеп айырысу схемасымен қазынашылық міндеттемелерді қосымша орналастыру бойынша аукцион өткізу жағдайында – Алматы уақытымен күндізгі 17.00-ден бастап Т+0, не Алматы уақытымен күндізгі 16.00-ден бастап Т+2 – Т+2 есеп айырысу схемасымен қазынашылық міндеттемелерді қосымша орналастыру бойынша аукцион өткізілген жағдайда.

р/с №	Кезең	Бағалы қағаздар бойынша мамандандырылған сауда-саттық	Мемлекеттік қазынашылық міндеттемелер бойынша мамандандырылған сауда-саттық
А	1	2	3
		өткізу ережелері мен шарттарына сәйкес Орталық депозитарий тарапынан тексеру жүргізу қажеттілігіне байланысты	Бастапқы дилер өзі сатып алған қазынашылық міндеттемелерді төлеу үшін жеткілікті сомада ақшаның болуын қамтамасыз етуге міндетті (бастапқы дилер берген және Биржа қабылдаған барлық өтінімдер қанағаттандырылуға тиіс деген болжам негізге алына отырып): T+0 есеп айырысу схемасы кезінде Алматы уақытымен күндізгі 17.00-ге дейін T+0 не; T+2 есеп айырысу схемасы кезінде Алматы уақытымен күндізгі 16.00-ге дейін T+2. Орталық депозитарий орналастырылатын қазынашылық міндеттемелер бойынша есеп айырысуды оның ережелер жинағына сәйкес жүзеге асырады: T+0 есеп айырысу схемасы кезінде Алматы уақытымен сағат 17.00-ден бастап T+0 не; T+2 есеп айырысу схемасы кезінде Алматы уақытымен сағат 16.00-ден бастап T+2. Орналастырылған қазынашылық міндеттемелер бойынша есеп есеп айырысуды жүзеге асырғаннан кейін клиринг орталығы Биржаға осындай есеп есеп айырысуды жүзеге асыру туралы есепті, сондай-ақ қандай да бір бастапқы дилерлер ақшаның болуы жөніндегі міндеттерді бұзған жағдайда, орналастырылатын қазынашылық міндеттемелермен жасалған мәмілелер бойынша есеп есеп айырысуды жүзеге асыруға арналған клиринг орталығының бұйрығын орындамау туралы есептерді береді
11	Қосымша орналастыру аукционының қорытындылары	Биржа аукцион өткізудің қорытындылары бойынша мәмілелер бойынша биржалық куәліктерді қалыптастырады және Бастамашы мен сауда-саттыққа қатысушыларға береді. Қатысушылар туралы ақпараты бар мәмілелер ақпартізімі Бастамашыға беріледі және құпия болып табылады	Мәмілелер бойынша есеп айырысу жүзеге асырылатын күн аяқталғанға дейін Биржа Орталық депозитарий орналастырылған қазынашылық міндеттемелер бойынша жүзеге асырған есеп айырысу нәтижелерін ескере отырып, Биржа қалыптастырған Биржа өтінімдерін қанағаттандыру туралы ҚРҚМ шешіміне сәйкес өтінімдері қанағаттандырылған бастапқы дилерлерге береді
12	Ақпараттық хабарды жариялау	Биржа есеп айырысуды жүзеге асырған күні өзінің интернет-ресурсында қосымша орналастыру аукционын өткізу қорытындылары туралы хабарлама жариялайды	Биржа есеп айырысу жүзеге асырылған күні өзінің интернет-ресурсында қосымша орналастыру аукционын өткізу қорытындылары туралы хабарлама жариялайды

Мәміле жасасу ережелерінің

8-қосымшасы

Бағалы қағаздарды жария ұсынуды және бағалы қағаздарға жазылуды

Р Е Т Т Е У Т Ә Р Т І Б І

р/с №	Кезең	Бағалы қағаздарға жария ұсыныс/жазылу	Мемлекеттік қазынашылық міндеттемелерге жазылу
А	1	2	3
1	Өтініш беру	Бастамашы ретінде "қор" санатындағы Биржа мүшелерінің консорциумы болуы мүмкін, бұл ретте мұндай консорциумға қатысушылар жария ұсыныс/жазылу жүргізетін кезде Биржамен оның атынан өзара іс-қимыл жасайтын осындай бірлестікке кіретін Биржа мүшесін (бұдан әрі – сатушы) дербес айқындайды, жария ұсыныс/жазылу өткізуді ұйымдастырғаны үшін Биржаның комиссиялық алымын төлейді, сондай-ақ Биржамен өзара іс-қимыл барысында алынатын ақпараттың тиісінше таратылмағаны үшін және Биржамен өзара іс-қимыл кезінде өз іс-қимылын консорциумға қатысушылармен келісу үшін жауапты болады. Мүліктік пулының құрамына көміртегі бірліктері кіретін КҚС-ға жазылу жүргізілген кезде көміртегі бірліктерінің сауда-саттық жүйесінің операторы Бастамашы (бұдан әрі – сатушы) ретінде әрекет етуге құқылы. Жария ұсыныстары/жазылуды өткізуді ұйымдастыру үшін сатушы Биржаның интернет-ресурсында орналастырылған белгіленген нысандағы жария ұсыныстары/жазылуды жүргізуге өтінішті (бұдан әрі – өтініш) өтініште көрсетілген өтініш қабылдау кезеңі басталатын күнге дейінгі екі жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынуға тиіс. Жария ұсыныс/жазылу бір мезгілде ОК-тың қатысуымен және ОК-тың қатысуынсыз өткізілген жағдайда, сатушы екі өтініш жіберуге тиіс.	Жазылу әдісі Биржаның ресми тізіміне енгізілген МҚМ-ны орналастыру (сату) үшін пайдаланылады. Жазылудың бастамашысы ретінде ҚРҚМ әрекет етуге құқылы. Жазылу өткізуді ұйымдастыру үшін ҚРҚМ Биржаға жазылу өткізудің шарттарын анықтайтын, оның ішінде олармен ғана шектелмей, мынадай шарттарды анықтайтын еркін нысандағы өтінішті ұсынуы тиіс: 1) орналастырылатын МҚМ, олардың саны; 2) ҚРҚМ үшін өтінімдерді қабылдау кезеңі (осы кезеңнің басталу және аяқталу күндері мен уақытын көрсете отырып); 3) өтінімдерге енгізілуге тиіс деректемелер; 4) ҚРҚМ үшін оған Биржаның қабылданған өтінімдер тізілімін ұсынған күні мен уақыты; 5) өтінімдерді қанағаттандыру немесе МҚМ орналастырудан бас тарту шешімі туралы хабарды Биржаға беру күні мен уақыты; 6) ҚРҚМ үшін есеп айырысу жүргізу күні. ҚРҚМ өтініші ҚРҚМ пікірі бойынша жазылуды жүргізу үшін қажетті өзге де шарттарды анықтауы мүмкін.

р/с №	Кезең	Бағалы қағаздарға жария ұсыныс/жазылу	Мемлекеттік қазынашылық міндеттемелерге жазылу
А	1	2	3
		Жария ұсынысты/жазылуды ұйымдастыру және өткізу мақсатында Биржаның алуына арналған құжаттарды сатушы Биржаның электрондық қызметтер платформасын пайдалана отырып жібереді *(Осы ұяшықтың мәтіні Биржа Басқармасының 2026 жылғы 01 қазандағы шешімімен өзгертілген)*	ҚРҚМ өтінішін Биржа осы өтініште көрсетілген күнге дейін екі жұмыс күнінен кешіктірмей ҚРҚМ үшін өтінімдерді қабылдау кезеңінің басталу күні ретінде алуға тиіс. Жазылуды ұйымдастыру және өткізу мақсатында Биржаның алуына арналған құжаттарды ҚРҚМ сауда-саттық қызметін қамтамасыз ететін Биржа бөлімшесінің корпоративтік мекенжайына электрондық түрде .pdf форматында жібереді, ол кейіннен түпнұсқасы қағаз нұсқада ұсынылатын осындай құжаттың түпнұсқасының сканерленген нұсқасы болып табылады
(Осы жолдың нөмірленуі Биржа Басқармасының 2026 жылғы 01 қазандағы шешімімен өзгертілген)			
2	Өтініш шарттарын тексеру	Биржа өтінішті алған кезде осы жария ұсыныстың/жазылудың параметрлері мен шарттарын Биржаның осы Тәртібіне және техникалық мүмкіндіктеріне сәйкестігін тексереді. Жария ұсыныс/жазылу жүргізу мүмкіндігін тексерудің нәтижесі оң болған жағдайда сауда-саттық бөлімшесі бірегей нөмір тағайындайды. Тексерудің нәтижесі теріс болған жағдайда сауда-саттық бөлімшесі жария ұсыныс/жазылу мүмкіндігінен бас тартады. Оның өтінішінде көрсетілген сатушының таңдауына байланысты жария ұсыныс/жазылу ОК қатысатын сауда-саттық режимінде не ОК қатыспайтын сауда-саттық режимінде жүргізіледі. Қандай да бір бағалы қағазды орналастыру немесе сату бойынша жария ұсыныс/жазылу өткізу бір мезгілде ОК қатысатын сауда-саттық режимінде де, сондай-ақ ОК қатыспайтын сауда-саттық режимінде де жүргізілуі мүмкін, бұл ретте мұндай сауда-саттық осы бағалы қағаздарға бірыңғай жария ұсыныс/бірыңғай жазылу болып танылады. Биржаның сұрау салуы бойынша сатушы жария ұсыныс/жазылу өткізілгенге дейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей, егер бұл жария ұсыныс/жазылу ұйымдастыру және өткізу үшін қажет болса, өтініште көрсетілмеген қосымша шарттарды беруге міндетті. Сатушының жазбаша өтініші берілген жағдайда сауда-саттық бөлімшесінің жазылуды өткізу шарттары мен Биржа	Биржа өтінішті алған кезде осы жазылудың параметрлері мен шарттарын осы Тәртіпке және Биржаның техникалық мүмкіндіктеріне сәйкестігін тексереді. Тексерудің нәтижесі оң болған жағдайда сауда-саттық бөлімшесі жазылуды жүргізу мүмкіндігі туралы шешім қабылдайды және оған бірегей нөмір тағайындайды. Тексерудің нәтижесі теріс болған жағдайда сауда-саттық бөлімшесі жазылу мүмкіндігінен бас тартады. МҚМ-ны орналастыру немесе сату бойынша жазылу тек ОК қатыспайтын сауда-саттық режимінде ғана жүргізілуі мүмкін. Биржаның сұрау салуы бойынша ҚРҚМ жазылу өткізілгенге дейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей, егер бұл жазылуды ұйымдастыру және өткізу үшін қажет болса, өтініште көрсетілмеген қосымша шарттарды ұсынуға міндетті. Сатушының жазбаша өтініші берілген жағдайда сауда-саттық бөлімшесінің жазылу өткізу шарттарын өзгертуі мүмкін

р/с №	Кезең	Бағалы қағаздарға жария ұсыныс/жазылу	Мемлекеттік қазынашылық міндеттемелерге жазылу
А	1	2	3
		Басқармасының шешімі бойынша жария ұсыныс өткізу шарттары өзгертілуі немесе өзге де шарттар белгіленуі мүмкін	
(Осы жолдың нөмірленуі Биржа Басқармасының 2026 жылғы 01 қазандағы шешімімен өзгертілген)			
3	Орталық депозитарийм ен және клиринг орталығыме н келісу	Егер есеп айырысуды Орталық депозитарий жүргізетін болса, Биржа ресми хатпен Орталық депозитарийге жария ұсыныстың/жазылудың тағайындалған нөмірін және сатушының коитерийлері бойынша тексеру жүргізуге және инвесторлардың деректемелері туралы қосымша ақпарат беруге келісім алу үшін өтініш жібереді. Орталық депозитарий өтінішті алған күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей ресми хатпен Биржаны қарау нәтижесі туралы хабардар етеді. Орталық депозитарийдің нәтижесі теріс болған кезде Биржа сатушыны хабардар етеді. Егер жария ұсыныс/жазылу ОК қатысатын сауда-саттық режимінде өткізілген болса, Биржа клиринг орталығының корпоративтік пошта мекенжайына жария ұсыныс/жазылу жүргізуге өтініш жібереді. Орталық депозитариймен ақпарат алмасуға байланысты жария ұсыныс/жазылу жүргізу шарттарына енгізілетін өзгерістер ОД-мен келісіледі. Мүліктік пулының құрамына көміртегі бірліктері кіретін ККС-ға жазылу жүргізілген кезде Биржа мен Орталық депозитарий арасында өзара іс-қимыл жүзеге асырылмайды *(Осы ұяшықтың мәтіні Биржа Басқармасының 2026 жылғы 01 қазандағы шешімімен өзгертілген)*	Биржа ресми хатпен Орталық депозитарийге ҚРҚМ критерийлері бойынша тексерулер жүргізуге және бастапқы дилердің деректемелері туралы қосымша ақпарат беруге келісім алу үшін жазылудың тағайындалған нөмірін және өтінішті жібереді. Орталық депозитарий өтінішті алған күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей ресми хатпен Биржаны қарау нәтижелері туралы хабардар етеді. Орталық депозитарийдің нәтижесі теріс болған кезде Биржа сатушыны хабардар етеді. ҚРҚМ Биржаның осы шарттарды олардың Биржаның және Орталық депозитарийдің мүмкіндіктеріне сәйкестігіне тексеру нәтижелері бойынша жазылу жүргізу шарттарына өзгерістер енгізуге құқылы. Орталық депозитариймен ақпарат алмасуға байланысты жазылу шарттарына өзгерістер ОД-мен келісіледі
(Осы жолдың нөмірленуі Биржа Басқармасының 2026 жылғы 01 қазандағы шешімімен өзгертілген)			
4	Ақпараттық хабарды жариялау	Орталық депозитарийдің өтінішті қарауы оң нәтиже берген кезде Биржа келесі жұмыс күнінен кешіктірмей интернет-ресурста	Орталық депозитарийдің өтінішті қарауы оң нәтиже берген кезде Биржа келесі жұмыс күнінен кешіктірмей интернет-ресурста

р/с №	Кезең	Бағалы қағаздарға жария ұсыныс/жазылу	Мемлекеттік қазынашылық міндеттемелерге жазылу
А	1	2	3
		жария ұсыныс/жазылу жүргізу, параметрлер мен шарттар туралы ақпараттық хабарлама жариялайды. Жеке орналастыру шеңберінде бағалы қағаздарға жазылу туралы ақпараттық хабарлама Биржаның интернет-ресурсында жарияланбайды	жазылуды өткізу, оның параметрлері мен шарттары туралы ақпараттық хабарлама жариялайды
(Осы жолдың нөмірленуі Биржа Басқармасының 2026 жылғы 01 қазандағы шешімімен өзгертілген)			
5	Қарсы өтінімдерді қабылдау	Өтінім қабылдау кезеңінің басталуымен сауда-саттыққа қатысушылар өтінімде сатушы көрсеткен шарттарды сақтай отырып, өтінім беру құқығына ие болады. Жеке орналастырылуға тиіс бағалы қағаздар бойынша жазылуға өтінімнің минималды көлемі 100 000 теңгені құрайды. Мүліктік пулының құрамына көміртегі бірліктері кіретін ККС-ға жазылу жүргізілген кезде сауда-саттыққа қатысушының өтінімі төмендегі жағдайларда: 1) өтінім бір клиенттің есебінен және оның мүддесінде екі немесе одан көп сауда-саттыққа қатысушы арқылы берілсе, бұл ретте осы клиенттің өтінімдерінің жалпы көлемі бір клиент үшін рұқсат етілген ең жоғары көлемнен асып кетсе; 2) сауда-саттыққа қатысушының өтінімінде оның клиентінің сәйкестендіру деректері көрсетілмесе не қате көрсетілсе; 3) өтінімде көрсетілген баға сатушының өтінішінде көрсетілген ең төменгі бағадан төмен болса; 4) сауда-саттыққа қатысушының бір клиентінің өтінімдерінің көлемі орналастырылатын клирингілік қатысу сертификаттарының жарияланған көлемінің 20 %-ынан асып кетсе, жарамсыз деп танылады және Биржа оны жоюға тиіс. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеке орналастырылуға тиіс бағалы қағаздарға жазылу жүргізілген кезде сауда-саттыққа қатысушылар (сатушыны қоспағанда) өз атынан және білікті инвесторлар болып табылатын	ҚРҚМ-ның тапсырысы бойынша Биржа ұйымдастыратын жазылу әдісімен МҚМ-ны орналастыру туралы хабарландыруға жауап ретінде МҚМ-ны орналастыру кезінде өтінімдерді өз атынан, өз мүддесі үшін және өз есебінен бастапқы дилерлер ғана бере алады. Өтінімдерді қабылдау кезеңінің басталуымен бастапқы дилерлер өтінімде ҚРҚМ көрсеткен шарттарды сақтай отырып, өтінім беру құқығын алады. Қор нарығының СКЖ-де бастапқы дилердің өтінімі өз атынан, бірақ оның клиентінің не бастапқы дилер болып табылмайтын сауда-саттыққа өзге қатысушының мүддесі мен есебінен тіркелген жағдайда, мұндай өтінімді маклер өтінімдерді қабылдау аяқталған уақытқа дейін алып тастайды және қабылданған өтінімдер тізіліміне енгізілмейді. МҚМ-ны жазылу әдісімен орналастырған кезде Биржа ҚРҚМ белгілеген жазылу жүргізу шарттарына сәйкес келетін өтінімдерді ғана қабылдайды. Өтінімдерді қабылдау кезеңі ішінде бастапқы дилерлердің өз өтінімдерін өзгертуіне және жоюына жол беріледі

р/с №	Кезең	Бағалы қағаздарға жария ұсыныс/жазылу	Мемлекеттік қазынашылық міндеттемелерге жазылу
А	1	2	3
		клиенттерінің атынан өтінім бере алады. Сауда-саттыққа қатысушылар өз клиентінің білікті инвестор мәртебесін өз бетінше тексереді. Биржа сауда-саттыққа қатысушылардың осы талапты сақтамағаны үшін жауапты болмайды. Жеке орналастыру арқылы жазылуға қатысатын инвесторлардың ең көп саны 50 инвестордан аспауға тиіс. Сауда-саттыққа қатысушыларға өтінім қабылдау кезеңінде өз өтінімдерін өзгертуге және жоюға рұқсат етіледі. Егер сауда-саттыққа қатысушылар бірде-бір өтінім бермесе, жазылу өткізілмеді деп танылады және жарияланады. Егер өтінімдер екіден аз қатысушыдан және 50-ден аз инвестордан берілсе, жария ұсыныс өткізілмеді деп танылады және жарияланады. Жария ұсыныс/жазылу өткізілмеді деп танылған жағдайда, Биржа өтінім қабылдау аяқталатын күннен кешіктірмей Орталық депозитарийге ресми хат арқылы, ал Биржаның "қор" санатындағы мүшелеріне сауда-клиринг жүйесі арқылы хабарлайды. Егер қор нарығының сауда-клиринг жүйесінде нарықтық өтінімдер тіркелген болса, бұл ретте: 1) ОК қатыспайтын сауда-саттық режимінде жазылу өткізу кезеңі бір сауда-саттық күнін құраса, сатушы өтінімдерді белсендіру уақытына дейін Биржаға әрбір нарықтық өтінім бойынша бағалы қағаздардың саны есептелетін және осы өтінімдер қанағаттандырылатын бағаны беруге тиіс; 2) ОК қатысатын сауда-саттық режимінде немесе ОК қатыспайтын сауда-саттық режимінде жазылу өткізу кезеңі бір сауда-саттық күнінен артық болса, Биржа әрбір нарықтық өтінім бойынша бағалы қағаздардың санын есептеу мақсатында бағалы қағаздың бағасы ретінде бірлікті пайдаланады, бұл ретте мұндай бағалы	

р/с №	Кезең	Бағалы қағаздарға жария ұсыныс/жазылу	Мемлекеттік қазынашылық міндеттемелерге жазылу
А	1	2	3
		қағаздардың саны өтінімдерді белсендіру кезінде есептеледі; 3) ОК қатысатын сауда-саттық режимінде жазылу өткізу кезеңі бір сауда-саттық күнін құраса, сатушы қамтамасыз етуді тексеру және бұғаттау уақытына дейін Биржаға өтінімдерді белсендіру кезінде әрбір нарықтық өтінім бойынша бағалы қағаздардың саны есептелетін және осы өтінімдер қанағаттандырылатын бағаны беруге тиіс *(Осы ұяшықтың мәтіні Биржа Басқармасының 2026 жылғы 01 қазандағы шешімімен өзгертілген)*	
(Осы жолдың нөмірленуі Биржа Басқармасының 2026 жылғы 01 қазандағы шешімімен өзгертілген)			
6	Өтінімдерді тексеру және қамтамасыз ету	Қамтамасыз ету жүйесімен бақыланатын сауда-клирингілік шоттарды пайдалана отырып, қор нарығының СКЖ-де берілген өтінімдерді пайдаланушылар растауға тиіс. Растаудан бас тартылған өтінім қабылданған өтінімдер тізіліміне енгізілмейді. Қор нарығының СКЖ автоматты режимде қамтамасыз етудің жеткіліктілігін тексереді. Қамтамасыз етудің жеткіліктілігін тексеру уақытына дейін қамтамасыз етілмеген өтінім беруге жол беріледі. Сауда-саттыққа қатысушылар осындай сауда-саттықтың нәтижелері бойынша есеп айырысу жүргізу үшін ОК қатысатын жазылу және ОК қатысатын жария ұсыныс әдісімен берген өтінімдер бойынша қамтамасыз етуді (ақша, бірыңғай шектелім) тексеруді және бұғаттауды, егер мұндай сауда-саттықтар үшін "T0" (толық бұғаттау) "Y0" (ішінара бұғаттау) есеп айырысу коды белгіленген болса, сатушының өтінімімен белгіленген уақытта өтінімдерді қабылдау кезеңінде қор нарығының СКЖ жүзеге асырады. "Y0" есеп айырысу коды үшін ақшамен қамтамасыз етуді толық бұғаттау өтінімдерді қабылдау кезеңі аяқталғаннан кейін сатушының өтінішімен жеке белгіленген уақытта жүзеге асырылады.	Қамтамасыз ету жүйесімен бақыланатын сауда-клирингілік шоттарды пайдалана отырып, қор нарығының СКЖ арқылы берілген өтінімдерді пайдаланушылар растауға тиіс. Растаудан бас тартылған өтінім қабылданған өтінімдер тізіліміне енгізілмейді. Қор нарығының СКЖ автоматты режимде қамтамасыз етудің жеткіліктілігін тексереді. Бастапқы дилерлер берген өтінімдерді осындай сауда-саттықтың нәтижелері бойынша есеп айырысу жүргізу үшін ақшаның немесе бағалы қағаздардың жеткіліктілігі тұрғысынан тексеруді, егер осындай сауда-саттықтар үшін "Z0" есеп айырысу коды белгіленген болса, өтінімдерді беру сәтінде және осындай сауда-саттық үшін "B0" есеп айырысу коды белгіленген болса, осындай сауда-саттықтың есеп айырысуын жүзеге асыру үшін орындауға есептерді жіберу сәтінде қор нарығының СКЖ жүзеге асырады.

р/с №	Кезең	Бағалы қағаздарға жария ұсыныс/жазылу	Мемлекеттік қазынашылық міндеттемелерге жазылу
А	1	2	3
		Егер мұндай сауда-саттық үшін "T0/Y0" есеп айырысу коды белгіленген болса, есеп айырысу жүргізу үшін ОК қатысатын жазылу және ОК қатысатын жария ұсыныс әдісімен берілген сатушының өтінімдерінің бағалы қағаздарын тексеруді және бұғаттауды қор нарығының СКЖ Биржа сатушының атынан өтінім берген сәтте жүзеге асырады. Сауда-саттыққа қатысушылар ОК қатысуынсыз жазылу және ОК қатысуынсыз жария ұсыныс әдісімен берген өтінімдерді осындай сауда-саттықтың нәтижелері бойынша есеп айырысу жүргізу үшін ақша немесе бағалы қағаздардың жеткіліктілігі тұрғысынан тексеруді, егер мұндай сауда-саттықтар үшін "Z0" есеп айырысу коды белгіленген болса, өтінімдерді беру сәтінде және егер осындай сауда-саттық үшін "B0" есеп айырысу коды белгіленген болса, осындай сауда-саттықтың есеп айырысуын жүзеге асыру үшін есептерді орындауға жіберу сәтінде қор нарығының СКЖ жүзеге асырады	
(Осы жолдың нөмірленуі Биржа Басқармасының 2026 жылғы 01 қазандағы шешімімен өзгертілген)			
7	Инвесторлар туралы ақпаратты ашып көрсету	Егер жария ұсыныс/жазылу жүргізу шарттарында жазылу нәтижесі бойынша жасалған мәмілелер бойынша есеп айырысуды Орталық депозитарий арқылы жүргізу көзделген болса ғана, Биржа берілетін деректердің құпиялығын және өзгермейтіндігін қамтамасыз ететін криптографиялық қорғау құралдарын пайдалана отырып, кепілдік берілген жеткізудің көлік жүйесі арқылы инвесторлардың деректемелері туралы қосымша ақпаратты ұсынады. Сауда-саттыққа қатысушы қор нарығының СКЖ-не өтінім бере отырып, инвесторлардың деректемелері туралы қосымша ақпаратты ашып көрсетуге сөзсіз келісім білдіреді, оның дұрыстығы үшін жауапты болады, сондай-ақ осындай ақпаратты ашып көрсетуге осы инвесторлардың қажетті келісімін алғанын растайды. Сауда-саттыққа қатысушылардың өтінімдері қор нарығының СКЖ-де тіркелгеннен кейін:	Биржа бастапқы дилерлердің деректемелері туралы қосымша ақпаратты ҚРҚМ-ның корпоративтік мекенжайына электрондық шифрланған түрде ұсынады. Бастапқы дилер қор нарығының СКЖ-не өтінім бере отырып, өз деректемелері туралы қосымша ақпаратты ашып көрсетуге сөзсіз келісім білдіреді. Бастапқы дилерлердің өтінімдері қор нарығының СКЖ-де тіркелгеннен кейін: 1) клиринг орталығы осындай өтінімдер бойынша Орталық депозитарийге бастапқы дилерлердің деректемелері туралы қосымша ақпаратты ашып көрсетуге сұрау салу жібереді; 2) бастапқы дилерлердің деректемелері туралы қосымша ақпарат болған жағдайда Орталық депозитарий оны клиринг орталығына сұрау салуға жауап ретінде жібереді, не

р/с №	Кезең	Бағалы қағаздарға жария ұсыныс/жазылу	Мемлекеттік қазынашылық міндеттемелерге жазылу
А	1	2	3
		1) клиринг орталығы осындай өтінімдер бойынша Орталық депозитарийге инвесторлардың деректемелері туралы қосымша ақпаратты ашып көрсетуге сұрау салу жібереді; 2) инвесторлардың деректемелері туралы қосымша ақпарат болған жағдайда, Орталық депозитарий оны клиринг орталығына сұрау салуға жауап ретінде жібереді, не Орталық депозитарийде инвесторлардың деректемелері туралы қосымша ақпарат болмаған жағдайда, өтінім қабылдау кезеңі аяқталғаннан кейін сауда-саттыққа қатысушы осы ақпаратты берілетін деректердің құпиялығын қамтамасыз ететін веб-модуль арқылы Биржаның интернет-ресурсында орналастырылған нысанға сәйкес Биржаға жібереді; 3) 2) тармақшаға сәйкес алынған инвесторлардың деректемелері туралы қосымша ақпаратты Биржа бағалы қағаздарды сатушы мен эмитентке ашып көрсетеді. Егер жазылу өткізу шарттарында Орталық депозитарийден басқа инвестор туралы қосымша ақпаратты ұйымдастыру және беру арқылы жазылу нәтижесі бойынша жасалған мәмілелер бойынша есеп айырысу жүргізу көзделсе, онда сауда-саттыққа қатысушы өтінім бере отырып, өтінім қабылдау кезеңі аяқталғаннан кейін Биржаға осындай ақпаратты береді. Сауда-саттыққа қатысушыдан инвестор туралы алынған қосымша ақпараттың негізінде Биржа мұндай ақпаратты бағалы қағаздарды сатушыға және эмитентке ашып көрсетеді. Егер мүліктік пулының құрамына көміртегі бірліктері кіретін ККС-ға жазылу өткізу шарттарында инвестор туралы қосымша ақпарат беру көзделсе, сауда-саттыққа қатысушы өтінім берген кезде Биржаға инвестор туралы ақпаратты өтінім нысанында көзделген көлемде және тәртіппен беруге міндетті. Сауда-саттыққа қатысушыдан алынған ақпарат негізінде Биржа тиісті ақпаратты осындай ККС-ның сатушысына ашып көрсетеді	3) 2) тармақшаға сәйкес алынған бастапқы дилерлердің деректемелері туралы қосымша ақпаратты Биржа ҚРҚМ-не ашады

р/с №	Кезең	Бағалы қағаздарға жария ұсыныс/жазылу	Мемлекеттік қазынашылық міндеттемелерге жазылу
А	1	2	3
		(Осы ұяшықтың мәтіні Биржа Басқармасының 2026 жылғы 01 қазандағы шешімімен өзгертілген)	
(Осы жолдың нөмірленуі Биржа Басқармасының 2026 жылғы 01 қазандағы шешімімен өзгертілген)			
8	Қабылданған өтінімдер тізілімі	Биржа Биржаның интернет-ресурсында орналастырылған белгіленген нысан бойынша қабылданған өтінімдердің тізілімін жасайды және оны сатушының өтінімінде белгіленген күні сатушыға береді. Тізілім электрондық түрде (.xml немесе .xls) қалыптастырылады және криптографиялық қорғаумен ақпаратты кепілді жеткізу жүйесі арқылы беріледі. Сауда-саттыққа қатысушылар туралы ақпараты бар қабылданған өтінімдер тізілімі құпия болып табылады және осындай ақпаратты ашып көрсету және осы ашып көрсетудің кез келген ықтимал салдары үшін дербес жауапты болатын сатушы (консорциум) мен эмитенттің назарына арналған. Мүліктік пулының құрамына көміртегі бірліктері кіретін ККС-ға жазылу жүргізілген кезде Биржа сатушыға қабылданған өтінімдер тізілімін жібермейді *(Осы ұяшықтың мәтіні Биржа Басқармасының 2026 жылғы 01 қазандағы шешімімен өзгертілген)*	Биржа Биржаның интернет-ресурсында орналастырылған белгіленген нысан бойынша қабылданған өтінімдердің тізілімін жасайды және оны ҚРҚМ өтінімінде белгіленген күні ҚРҚМ-ға береді. Тізілім электрондық түрде (.xml немесе .xls) қалыптастырылады және криптографиялық қорғаумен ақпаратты кепілді жеткізу жүйесі арқылы беріледі. Бастапқы дилерлер туралы ақпараты бар қабылданған өтінімдер тізілімі құпия болып табылады және осындай ақпаратты ашып көрсетуге және осы ашудың кез келген ықтимал салдарына дербес жауапты болатын ҚРҚМ-ның назарына арналған
9	Қанағаттандырылған өтінімдер тізілімі	Қанағаттандырылған өтінімдердің тізілімін сатушы қабылданған өтінімдердің алынған тізілімінен қалыптастырады, онда әрбір өтінім бойынша бағалы қағаздардың бағасы мен саны көрсетіледі. Сатушы барлық немесе жекелеген өтінімді қанағаттандырмауға не, егер бұл өтінімге қайшы келмесе, оларды ішінара қанағаттандыруға құқылы. Жеке орналастырылуға тиіс бағалы қағаздар бойынша жазылу жүргізілген кезде сатушы ең көбі 50 инвестордың өтінімін қанағаттандыруға құқылы. Тізілім Биржаға өтініште көрсетілген мерзімде беріледі. Сатушының хабарламасы мынадай талаптарға сәйкес келуге тиіс:	Қанағаттандырылған өтінімдердің тізілімін ҚРҚМ қабылданған өтінімдердің алынған тізілімінен қалыптастырады, онда әрбір өтінім бойынша бағалы қағаздардың бағасы мен саны көрсетіледі. Егер бұл өтінішке қайшы келмесе, ҚРҚМ барлық немесе жекелеген өтінімдерді қанағаттандырмауға не оларды ішінара қанағаттандыруға құқылы. Тізілім Биржаға өтініште көрсетілген мерзімде беріледі. ҚРҚМ хабарламасы мынадай талаптарға сәйкес болуы тиіс: 1) (ҚРҚМ Биржамен қабылданған өтінімдерді қанағаттандыру туралы шешім қабылдаған жағдайда) көрсетілген хабарламаға енгізілетін мәліметтердің көлемі Биржаға қазынашылық міндеттемелерді жазылу мен осы шешімді өткізу шарттарына сәйкес қанағаттандыруға жататын

р/с №	Кезең	Бағалы қағаздарға жария ұсыныс/жазылу	Мемлекеттік қазынашылық міндеттемелерге жазылу
А	1	2	3
		1) (сатушы Биржа қабылдаған өтінімдерді қанағаттандыру туралы шешім қабылдаған жағдайда) көрсетілген хабарламаға енгізілетін мәліметтің көлемі Биржаға жария ұсыныс/жазылу жүргізу шарттарына және осы шешімге сәйкес қанағаттандырылуға тиіс өтінім берген инвесторлар арасында бағалы қағаздарды біржақты бөлуге мүмкіндік беруге тиіс; 2) (сатушы бағалы қағаздарды орналастырудан бас тарту туралы шешім қабылдаған жағдайда) көрсетілген хабарламада осындай бас тарту себебінің сипаттамасы болуға тиіс. Жазылу кезінде Биржа бағалы қағаздарды сауда-саттыққа қатысушылар арасында бөлу процесіне қатыспайды және мұндай бөлу үшін жауапты болмайды. Қанағаттандырылған өтінімдер тізілімі негізінде Биржа қор нарығының СКЖ арқылы сауда-саттыққа қатысушыларды олардың өтінімдерінің толық немесе ішінара қанағаттандырылғаны туралы не осы өтінімдерді қанағаттандырудан бас тартатыны туралы хабардар етеді. Мүліктік пулының құрамына көміртегі бірліктері кіретін ҚҚС-ға жазылу жүргізілген кезде сатушы қанағаттандырылған өтінімдердің тізбесін Биржаға жібермейді; қабылданған өтінімдер қанағаттандырылатын бағаны Биржа қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен Көміртегі бірліктерімен сауда-саттық жүргізу ережелерінде (бұдан әрі – Көміртегі бірліктерімен сауда-саттық жүргізу ережелері) көзделген тәртіппен дербес есептейді *(Осы ұяшықтың мәтіні Биржа Басқармасының 2026 жылғы 01 қазандағы шешімімен өзгертілген)*	өтінімдерді берген бастапқы дилерлер арасында біржақты бөлуге мүмкіндік беруге тиіс; 2) (ҚРҚМ қазынашылық міндеттемелерді орналастырудан бас тарту туралы шешім қабылдаған жағдайда) көрсетілген хабарламада осындай бас тарту себебінің сипаттамасы қамтылуға тиіс. МҚМ орналастыру кезінде ҚРҚМ МҚМ сатып алуға бастапқы дилерлердің тең құқықтылығы қағидатын сақтауға міндетті
10	Мәмілелерді қалыптастыру	Биржаның қанағаттандырылған өтінімдер тізілімін алуы сатушының мәміле жасасуға толық келісімін білдіреді. Осы тізілімнің негізінде Биржа қор нарығының СКЖ-де мәмілелерді қалыптастырады және қатысушыларды қор нарығының СКЖ	Биржаның қанағаттандырылған өтінімдер тізілімін алуы ҚРҚМ-ның мәміле жасасуға толық келісімін білдіреді. Осы тізілімнің негізінде Биржа қор нарығының СКЖ-де мәмілелерді

р/с №	Кезең	Бағалы қағаздарға жария ұсыныс/жазылу	Мемлекеттік қазынашылық міндеттемелерге жазылу
А	1	2	3
		арқылы олардың өтінімдерінің толық немесе ішінара қанағаттандырылғаны туралы хабардар етеді. Жеке орналастырылуға тиіс бағалы қағаздар бойынша жазылу кезінде Биржа жазылу шеңберінде мәмілелер жасалатын инвесторлардың саны бойынша шектеудің сақталуына жауапты болмайды. Мүліктік пулының құрамына көміртегі бірліктері кіретін КҚС-ға жазылу жүргізілген кезде өтінімдерді қанағаттандыру Көміртегі бірліктерімен сауда-саттық жүргізу ережелерінде белгіленген тәртіппен және шарттармен жүзеге асырылады *(Осы ұяшықтың мәтіні Биржа Басқармасының 2026 жылғы 01 қазандағы шешімімен өзгертілген)*	қалыптастырады және бастапқы дилерлерді олардың өтінімдерін толық немесе ішінара қанағаттандыру туралы хабардар етеді
11	Орталық депозитарий арқылы есеп айырысу	Есеп айырысу басталғанға дейін сатушы Орталық депозитарийге өзінің қосалқы шотындағы бағалы қағаздардың қажетті санын қамтамасыз етеді. Сауда-саттыққа қатысушылар Орталық депозитарийдегі немесе БААЖ-дағы (ОК қатыспайтын) шоттарда не клиринг орталығының (ОК қатысатын) корреспонденттік шотында жеткілікті ақша сомасын қамтамасыз етеді. ОК қатысатын сауда-саттық режимінде жария ұсыныс/жазылу бойынша жасалған мәмілелерге клиринг орталығының ішкі құжатында белгіленген тәртіппен неттинг тәсілін пайдалануды көздейтін нетто-негізде клиринг процедуралары қолданылады. ОК қатыспайтын сауда-саттық режимінде жария ұсыныс/жазылу бойынша жасалған мәмілелерге әрбір жасалған мәміле бойынша талаптар мен міндеттемелерді жеке-жеке орындауды көздейтін гросс-негіздегі клиринг процедуралары қолданылады	МҚМ бойынша есеп айырысуды Орталық депозитарий өзінің ережелер жинағына сәйкес клиринг орталығының бұйрықтары негізінде жүзеге асырады, онымен өзара іс-қимыл Орталық депозитарий осы клиринг орталығымен жасасқан шартпен реттеледі. Орталық депозитарий есеп айырысу жүргізу күні ретінде жазылу жүргізу шарттарымен айқындалған күні МҚМ бойынша есеп айырысуды жүргізеді. МҚМ бойынша есеп айырысу жүргізуді бастағанда бастапқы дилерлер Орталық депозитарийдегі немесе БААЖ-дағы шоттарда өздері берген өтінімдер көлемінде ақшаның болуын қамтамасыз етеді. Жазылу бойынша жасалған мәмілелерге әрбір жасалған мәміле бойынша талаптар мен міндеттемелерді жеке-жеке орындауды көздейтін гросс-негіздегі клиринг процедуралары қолданылады
12	Орталық депозитарийден басқа өзге ұйым арқылы	Биржа есеп айырысу жүргізуге қатыспайды және осындай есеп айырысуға байланысты қандай да бір қызмет көрсетпейді, сондай-ақ сатушы мен сауда-саттыққа қатысушыларға мәмілелер бойынша биржалық куәліктерді қалыптастырмайды және бермейді.	–

р/с №	Кезең	Бағалы қағаздарға жария ұсыныс/жазылу	Мемлекеттік қазынашылық міндеттемелерге жазылу
А	1	2	3
	есеп айырысу	Жеке орналастырылуға тиіс бағалы қағаздар бойынша жазылу кезінде Биржа жазылу шеңберінде мәмілелер жасалатын инвесторлардың саны бойынша шектеудің сақталуына жауапты болмайды. Сатушы мәмілелер бойынша есеп айырысу жүргізілген күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей Биржаның интернет-ресурсында орналастырылған белгіленген нысан бойынша жазылуды өткізу нәтижесін Биржаға береді, бұған мүліктік пулының құрамына көміртегі бірліктері кіретін КҚС-ға жазылу кірмейді, мұндай жазылу кезінде сатушы жазылу өткізу нәтижесін Биржаға бермейді *(осы ұяшықтың мәтіні Биржа Басқармасының 2026 жылғы 01 қазандағы шешімімен өзгертілген)*.	
13	Сауда-саттықтың қорытындысы	Биржа есеп айырысу күні сатушыға және қатысушыларға биржалық куәліктерді қалыптастырады және береді, сондай-ақ Биржа өзінің интернет-ресурсында қандай да бір ақпаратты жарияламайтын жеке орналастырылуға тиіс бағалы қағаздар бойынша жазылуды қоспағанда, жария ұсыныстың/жазылудың қорытындысы туралы хабарламаны интернет-ресурста жариялайды. Мүліктік пулының құрамына көміртегі бірліктері кіретін КҚС-ға жазылу жүргізілген кезде Биржа есеп айырысу күні Көміртегі бірліктерімен сауда-саттық жүргізу ережелерінде көзделген ақпаратты қалыптастырып, сатушыға береді *(осы ұяшықтың мәтіні Биржа Басқармасының 2026 жылғы 01 қазандағы шешімімен өзгертілген)*.	Биржа есеп айырысу күні биржа куәліктерін қалыптастырады және бастапқы дилерлерге береді, сондай-ақ интернет-ресурста жазылудың қорытындылары туралы хабарламаны жариялайды. Биржа ҚРҚМ-дан МҚМ-ны жазылу әдісімен орналастыру бойынша сауда-саттықты ұйымдастырғаны және өткізгені үшін қандай да бір сыйақы және қандай да бір алым алмайды

Мәміле жасасу ережелерінің

9-қосымшасы

Қамтамасыз етуді бақылау жүйесінің

Ж Ұ М Ы С Е Р Е К Ш Е Л І К Т Е Р І

р/с №	Сауда-саттық әдісі/мәміле түрі	ОК қатысатын
А	1	2
1	"Кастодиан клиентінің есебінен" схемасы бойынша сатып алу-сату мәмілелері	1. Сауда-саттыққа уәкілетті қатысушының кастодиан клиентінің мүддесінде мәміле жасасуы мәміле жасасу үшін уәкілетті қатысушының да, қамтамасыз етуді бақылау жүйесін пайдаланушының да рұқсаттамасы бар екінші деңгейдегі сауда-клирингілік шоттан жүзеге асырылады. 2. Қамтамасыз етуді бақылау жүйесін пайдаланушы клиенттердің активтерін нысаналы орналастыруды салыстыру нәтижесі оң болған кезде қаржы құралдарының болуын қамтамасыз етеді. 3. Қамтамасыз етуді бақылау жүйесін пайдаланушы сауда-саттыққа уәкілетті қатысушыға клиенттердің активтерін нысаналы орналастыруды бақылауды бұза отырып жасалған мәмілелер бойынша есеп айырысуға аударуды жүзеге асырады. Сауда-саттыққа уәкілетті қатысушы қамтамасыз етуді бақылау жүйесін пайдаланушыдан аударымды қабылдауға міндетті, бұл сауда-саттыққа уәкілетті қатысушының жасалған мәмілелерді орындауға сөзсіз келісімін білдіреді. 4. Биржа сауда-саттыққа уәкілетті қатысушының қамтамасыз етуді бақылау жүйесін пайдаланушыдан оған келіп түскен есеп айырысуға аударманы растамағаны үшін жауапты болмайды. 5. Қамтамасыз етуді бақылау жүйесін пайдаланушының немесе сауда-саттыққа уәкілетті қатысушының шотында қаржы құралдары жеткіліксіз болған кезде клирингілік ұйым клиринг орталығының ішкі құжаттарына сәйкес дефолтты реттеу шеңберінде мәмілелер жасасады. 6. Есеп айырысуға ауыстыру жақын арадағы клирингілік сессия басталғанға дейін жіберіледі
2	"Брокердің қаражаты есебінен" схемасы бойынша сатып алу-сату мәмілелері	1. Сауда-саттыққа қатысушының қамтамасыз етуді бақылау жүйесі клиентінің мүддесінде мәміле жасасуы оның меншікті сауда-клирингілік шотынан не жасалған мәмілені қамтамасыз етуді бақылау жүйесінің пайдаланушысына есептеуге аудара отырып, екінші деңгейдегі меншікті сауда-клирингілік шотынан жүзеге асырылады. 2. Сауда-саттыққа қатысушының активтерін нысаналы орналастыруды және оның клиентінің мүддесінде жасалған мәмілелердің орындалуын бақылау мақсатында қамтамасыз етуді бақылау жүйесін пайдаланушы сауда-саттыққа қатысушы берген мәміленің есеп айырысуға ауыстырылғанын растайды.

р/с №	Сауда-саттық әдісі/мәміле түрі	ОК қатысатын
А	1	2
		3. Мәмілені есептеуге түскен аударымды растау қамтамасыз етуді бақылау жүйесін пайдаланушының сатып алу-сату мәмілесі не репо операциясы бойынша аударылған міндеттемелерді орындауға сөзсіз келісімін білдіреді. 4. Қамтамасыз етуді бақылау жүйесін пайдаланушы мәмілелерді есептеуге ауыстыруды растамаған жағдайда сауда-саттыққа қатысушы жасасқан мәміле бойынша міндеттемелер мен талаптарды орындау оның өз қаражаты есебінен орындалады
3.	Жария ұсыныс және жазылу	1. Аукциондарды өткізу кезінде: шектелімді қарсы өтінімдердің бағасы бойынша; бірыңғай кесімді бағасы бойынша; нарықтық өтінімдермен қамтамасыз етуді бақылау жүйесін пайдаланушылар Биржаға өтінімдерді растаудан растауды немесе бас тартуды беруге міндетті. Егер Биржа өтінімде белгіленген уақыт ішінде осы өтінімдердің растамасын алмаса, олар Биржа қабылдамаған болып танылады және ол оның күшін жояды. 2. Аукциондарды өткізу кезінде: купон мөлшерлемесін анықтау бойынша; қосымша орналастыруды қамтамасыз етуді бақылау жүйесін пайдаланушылар Биржаға қажет болған жағдайда өтінімдерді растаудан бас тартуды ғана беруге міндетті. Өтінімде белгіленген уақыт ішінде растаудан бас тарту алынбаған өтінімдер, мұндай өтінімдер Биржа қабылдаған ретінде танылады. 3. Өтінім расталған жағдайда клиринг орталығы осындай өтінімдер бойынша жасалған мәмілелерді есеп айырысуға Орталық депозитарийге жібереді
ОК қатыспайтын		
1.	Репо ашу операциялары	1. Қамтамасыз етуді бақылау жүйесін пайдаланушы активтердің нысаналы орналастырылуын және мәмілелердің орындалуын бақылау мақсатында қор нарығының СКЖ-де репо операциясын ашу мәмілесін растайды/растаудан бас тартады. 2. Егер бақылау және қамтамасыз ету жүйесін пайдаланушы репо ашу мәмілесін растамаған жағдайда, мұндай мәмілені сауда-саттыққа жауапты қатысушы өз қаражаты есебінен дербес орындайды. 3. Расталған жағдайда клиринг орталығы мәмілелерді есеп айырысуға Орталық депозитарийге жібереді
2.	Мамандандырылған сауда-саттық, жазылу және жария ұсыныс	1. Аукциондарды өткізу кезінде: шектелімді қарсы өтінімдердің бағасы бойынша; бірыңғай кесімді бағасы бойынша; нарықтық өтінімдермен қамтамасыз етуді бақылау жүйесін пайдаланушылар Биржаға өтінімдерді растаудан растауды немесе бас тартуды беруге міндетті. Егер Биржа өтінімде белгіленген уақыт ішінде осы өтінімдердің растамасын алмаған болса, олар Биржа қабылдамаған болып танылады және ол оның күшін жояды. 2. Аукциондарды өткізу кезінде: купон мөлшерлемесін анықтау бойынша; қосымша орналастыруды қамтамасыз етуді бақылау жүйесін пайдаланушылар Биржаға қажет болған жағдайда өтінімдерді растаудан бас тартуды ғана беруге міндетті.

р/с №	Сауда-саттық әдісі/мәміле түрі	ОК қатысатын
А	1	2
		Өтінімде белгіленген уақыт ішінде растаудан бас тарту алынбаған өтінімдер, мұндай өтінімдер Биржа қабылдаған ретінде танылады. 3. Өтінім расталған жағдайда клиринг орталығы осындай өтінімдер бойынша жасалған мәмілелерді есеп айырысуға Орталық депозитарийге жібереді

Мәміле жасасу ережелерінің

10-қосымшасы

Валюта нарығындағы сауда-саттық режимдерінің

Т І З Б Е С І

р/с №	Қаржы құралдары	Сауда-саттық режимдері						
		Ашық сауда-саттық режимі (сатып алу-сату)	Ашық сауда-саттық режимі (своп операциялары, шетел валютасымен операциялар)	Тікелей мәмілелер режимі (сатып алу-сату)	Тікелей мәмілелер режимі (своп операциялары, шетел валютасымен операциялар)	ҚРҰБ-мен сауда-саттық режимі	Реттеу режимі: ОК қатысатын шетел валютасымен операциялар	ОК автоматты реттеу режимі: шетел валютасымен операциялар
А	1	2	3	4	5	6	7	8
1.	USDKZT_TOD	✓		✓			□	□
2.	USDKZT_TOM	✓		✓			□	□
3.	USDKZT_SPT	✓		✓				
4.	USDCNY_TOD	✓		✓				
5.	USDCNY_TOM	✓		✓				
6.	USDCNY_SPT	✓		✓				
7.	USDAED_TOD	✓		✓				
8.	USDAED_TOM	✓		✓				
9.	USDAED_SPT	✓		✓				
10.	RUBKZT_TOD	✓		✓			□	□
11.	RUBKZT_TOM	✓		✓			□	□
12.	RUBKZT_SPT	✓		✓				

р/с №	Қаржы құралдары	Сауда-саттық режимдері						
		Ашық сауда-саттық режимі (сатып алу-сату)	Ашық сауда-саттық режимі (своп операциялары, шетел валютасымен операциялар)	Тікелей мәмілелер режимі (сатып алу-сату)	Тікелей мәмілелер режимі (своп операциялары, шетел валютасымен операциялар)	ҚРҰБ-мен сауда-саттық режимі	Реттеу режимі: ОК қатысатын шетел валютасымен операциялар	ОК автоматты реттеу режимі: шетел валютасымен операциялар
А	1	2	3	4	5	6	7	8
13.	EURKZT_TOD	✓		✓			□	□
14.	EURKZT_TOM	✓		✓			□	□
15.	EURKZT_SPT	✓		✓				
16.	EURCNY_TOD	✓		✓				
17.	EURCNY_TOM	✓		✓				
18.	EURCNY_SPT	✓		✓				
19.	CNYKZT_TOD	✓		✓			□	□
20.	CNYKZT_TOM	✓		✓			□	□
21.	CNYKZT_SPT	✓		✓				
22.	AEDKZT_TOD	✓		✓			□	□
23.	AEDKZT_TOM	✓		✓			□	□
24.	AEDKZT_SPT	✓		✓				
25.	EURUSD_TOD	✓		✓				□
26.	EURUSD_TOM	✓		✓				□
27.	EURUSD_SPT	✓		✓				
28.	USDKZT_LTV			✓				
29.	USDKZT_0_001		✓		✓	✓	✓	✓
30.	USDKZT_0_002		✓		✓	□		

р/с №	Қаржы құралдары	Сауда-саттық режимдері						
		Ашық сауда-саттық режимі (сатып алу-сату)	Ашық сауда-саттық режимі (своп операциялары, шетел валютасымен операциялар)	Тікелей мәмілелер режимі (сатып алу-сату)	Тікелей мәмілелер режимі (своп операциялары, шетел валютасымен операциялар)	ҚРҰБ-мен сауда-саттық режимі	Реттеу режимі: ОК қатысатын шетел валютасымен операциялар	ОК автоматты реттеу режимі: шетел валютасымен операциялар
А	1	2	3	4	5	6	7	8
31.	USDKZT_0_01W		✓		✓			
32.	USDKZT_0_01M		✓		✓			
33.	USDKZT_0_03M		✓		✓			
34.	USDKZT_0_06M		✓		✓			
35.	USDKZT_0_01Y		✓		✓			
36.	USDKZT_1_001		✓		✓	✓		
37.	USDKZT_1_01W		✓		✓			
38.	USDKZT_1_01M		✓		✓			
39.	USDKZT_1_03M		✓		✓			
40.	USDKZT_1_06M		✓		✓			
41.	USDKZT_1_01Y		✓		✓			
42.	USDCNY_0_001						✓	✓
43.	USDAED_0_001		✓		✓		✓	✓
44.	USDAED_0_002		✓		✓			
45.	USDAED_1_001		✓		✓			
46.	RUBKZT_0_001		✓		✓		✓	✓
47.	RUBKZT_0_002		✓		✓			
48.	RUBKZT_1_001		✓		✓			

р/с №	Қаржы құралдары	Сауда-саттық режимдері						
		Ашық сауда-саттық режимі (сатып алу-сату)	Ашық сауда-саттық режимі (своп операциялары, шетел валютасымен операциялар)	Тікелей мәмілелер режимі (сатып алу-сату)	Тікелей мәмілелер режимі (своп операциялары, шетел валютасымен операциялар)	ҚРҰБ-мен сауда-саттық режимі	Реттеу режимі: ОК қатысатын шетел валютасымен операциялар	ОК автоматты реттеу режимі: шетел валютасымен операциялар
А	1	2	3	4	5	6	7	8
49.	EURKZT_0_001		✓		✓		✓	✓
50.	EURKZT_0_002		✓		✓			
51.	EURKZT_1_001		✓		✓			
52.	CNYKZT_0_001		✓		✓		✓	✓
53.	CNYKZT_0_002		✓		✓			
54.	CNYKZT_1_001		✓		✓			
55.	AEDKZT_0_001		✓		✓		✓	✓
56.	AEDKZT_0_002		✓		✓			
57.	AEDKZT_1_001		✓		✓			
58.	EURUSD_0_001		✓		✓		✓	✓
59.	EURUSD_0_002		✓		✓			
60.	EURUSD_1_001		✓		✓			
61.	EURCNY_0_001						✓	✓

Мәміле жасасу ережелерінің

11-қосымшасы

Валюта нарығында мәміле жасасу

П Р О Ц Е С І

р/с №	Кезең	ОК қатысатын
А	**1**	**2**
1	Қатысушылардың позицияларын анықтау	Валюта нарығының СКЖ-де сауда-клирингілік шоттағы ақшаны есепке алу үшін (әрбір валюта бөлінісінде) ақша бойынша мынадай позициялар пайдаланылады: 1) алдыңғы сауда-саттық күніндегі қалдыққа тең ақша бойынша қалдықты көрсететін кіріс позициясы; 2) ағымдағы позиция "Кіріс" жолының мәні плюс/минус сыртқы есептеулер/ақшаны есептен шығару плюс/минус ішкі ақша аударымдары плюс "Т0" есеп айырысу кодымен мәмілелер бойынша ақша бойынша нетто плюс ағымдағы есеп айырысу күнімен екі тараптан орындалған тікелей мәмілелер есептері бойынша нетто ретінде есептеледі; 3) жоспарлы позиция "Ағымдағы" жолының мәні минус "Т0" есеп айырысу коды бар қаржы құралдарын сатып алуға арналған белсенді өтінімдер және ағымдағы есеп айырысу күнімен тікелей сатып алу мәмілелері бойынша есептерді орындауға арналған белсенді өтінімдер бойынша ақша бойынша міндеттемелер ретінде есептеледі; 4) есеп айырысу позициясы "Жоспарлы" жолының мәні плюс ағымдағы сауда-саттық күніне келетін есеп айырысу күні бар мәмілелер бойынша ақша бойынша нетто ретінде есептеледі; 5) Т+ жоспарлы позициясы есеп айырысудың тиісті күніндегі жоспарлы позицияны көрсетеді, есеп айырысудың алдыңғы күніндегі Т+ жоспарлы позициясы плюс есеп айырысудың тиісті күніндегі мәмілелер бойынша нетто минус есеп айырысудың тиісті күніндегі қаржы құралдарын сатып алуға арналған белсенді өтінімдер бойынша міндеттемелер ретінде есептеледі. Есеп айырысудың ағымдағы күні үшін Т+ жоспарлы позициясы "Есеп айырысу позициясы" жолының мәніне тең. Валюта нарығының СКЖ-де сауда-клирингілік шоттағы қаржы құралдарын есепке алу үшін мынадай позициялар пайдаланылады: 1) сауда-саттық күні ішіндегі есепке жатқызуларды/есептен шығаруларды ескере отырып, есеп айырысу ұйымының есеп шоттарындағы қаржы құралдарының қалдығын плюс клирингілік сессиясының қорытындылары бойынша қаржы құралдары бойынша неттоны көрсететін кіріс позициясы; 2) ағымдағы позиция "Кіріс" жолының мәні плюс "Т0" есеп айырысу кодымен мәмілелер бойынша қаржы құралдары бойынша нетто плюс ағымдағы есеп айырысу күнімен ішінара қамтамасыз етумен екі тараптан орындалған тікелей мәмілелер есептері бойынша қаржы құралдары бойынша нетто ретінде есептеледі;

р/с №	Кезең	ОК қатысатын
А	1	2
		3) жоспарлы позиция "Ағымдағы" жолының мәні минус "Т0" есеп айырысу коды бар қаржы құралдарын сатуға арналған белсенді өтінімдер бойынша қаржы құралдары бойынша міндеттемелер ретінде есептеледі; 4) есеп айырысу позициясы "Жоспарлы" жолының мәні плюс есеп айырысудың ағымдағы күнімен мәмілелер бойынша қаржы құралдары бойынша нетто ретінде есептеледі; 5) Т+ жоспарлы позициясы, есеп айырысудың алдыңғы күніндегі Т+ жоспарлы позициясына тең есеп айырысудың тиісті күніндегі жоспарлы позиция плюс есеп айырысудың тиісті күніндегі мәмілелер бойынша қаржы құралдары бойынша нетто минус есеп айырысудың тиісті күніндегі қаржы құралдарын сатуға арналған белсенді өтінімдер бойынша міндеттемелер. Есеп айырысудың ағымдағы күні үшін Т+ жоспарлы позициясы "Есеп айырысу позициясы" жолының мәніне тең
2	Қалдықтарды жүктеу	Күн сайын сауда-саттық ашылғанға дейін кіріс позициялары бойынша ақпарат валюта нарығының СКЖ-не клиринг орталығының есеп жүйесінен клиринг орталығының корреспонденттік шотындағы және сауда-саттыққа қатысушылардың меншікті және біріктірілген клиенттік есеп шоттарында есепке алынатын ақша қалдықтары бойынша оларды тиісті сауда-клирингілік шоттарында көрсету үшін түседі. Егер сауда-саттыққа қатысушы клиринг орталығының ішкі құжаттарына сәйкес клиринг орталығының корреспонденттік шотында ақшаны сақтау туралы өтінішті клиринг орталығына берген жағдайда, клиенттік сауда-клирингілік шоттарындағы ақшадағы қалдықтар туралы ақпарат алдыңғы сауда-саттық күнінің жабылу нәтижелері бойынша көшіріледі. Ақшаны сақтау туралы жоғарыда көрсетілген өтініш болмаған жағдайда, клиенттік сауда-клирингілік шоттардағы ақша бойынша кіріс позициялары алдыңғы сауда-саттық күнінің жабылу нәтижелеріне сәйкес нөлдік мәндерге сәйкес келеді
3	Өтінім беру	Валюта нарығының СКЖ автоматты режимде әрбір берілген өтінімді: 1) валюталық своп мөлшерлемелерінің қаржы құралдары дәліздерінің баға шекараларын сақтау; 2) міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етудің жеткіліктілігін сақтау мәніне тексереді. Тексерудің нәтижесі теріс болған жағдайда валюта нарығының СКЖ өтінімді қабылдамайды. Валюта нарығының СКЖ кері қайтарғанның орнына берілген қайталама өтінімдер де қайта тексеруге жатады. Бірінші абзацқа сәйкес жүргізілген тексерудің оң нәтижесі болған жағдайда валюта нарығының СКЖ мұндай өтінімді тіркейді. Сауда-саттық сессиясы аяқталған сәтте қанағаттандырылмаған өтінімдерін автоматты түрде валюта нарығының СКЖ жояды. Қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету болып табылатын қаржы құралдарын клиринг орталығы өзінің ішкі құжаттарына сәйкес шектейді
4	Қамтамасыз етуді бұғаттау	Өтінімді тексеру оң болған кезде валюта нарығының СКЖ сауда-саттыққа қатысушының шотындағы ақшаны сауда-саттыққа қатысушыға қойылатын талаптарға қарай – клиринг орталығының ішкі құжаттарына сәйкес ішінара қамтамасыз ету немесе толық қамтамасыз ету мөлшерінде оқшаулайды.

р/с №	Кезең	ОК қатысатын
А	1	2
		Валюта нарығының СКЖ позицияларының мәндері ақша және қаржы құралдары бойынша позицияларды есептеуге қатысатын кез келген құрауыштардың мәндерінің әрбір өзгерісі кезінде нақты уақыт режимінде жаңартылады
5	Мәмілелерді орындау, клиринг және есеп айырысу	Валюталық своп операцияларының және шетел валютасымен операциялардың бағасы ретінде оны жабу және ашу бағаларының арасындағы айырма пайдаланылады. Қандай да бір құрамдағы валюталық своп операцияларын және шетел валютасымен операцияларды жүзеге асыратын кезде сауда-саттық сессиясын ашу бағасы ретінде валюталық своп операциясының немесе осы құрамдағы шетел валютасымен осы сауда-саттық сессиясында басталған (ашылған) операцияның бағасы пайдаланылады. Валюталық своп операцияларының және шетел валютасымен операциялардың параметрлерін есептеу үшін мынадай формулалар қолданылады: 1) жабу бағасы мынадай формула бойынша есептеледі: $Price_{close} = Price_{open} + Price_{operation}$, мұнда: $Price_{close}$ – своп операциясын / шетел валютасымен операцияны жабу мәмілесінің бағасы (егер баға ұлттық валютамен және дирхаммен өлшенген болса, онда үтірден кейін бесінші белгіге дейінгі дәлдікпен не егер баға АҚШ долларымен өлшенсе, онда үтірден кейін алтыншы белгіге дейінгі дәлдікпен); $Price_{open}$ – своп операциясын / шетел валютасымен операцияны ашу мәмілесінің бағасы; $Price_{operation}$ – своп операциясының бағасы (жылдық пайызбен өлшенеді); негізгі сауда-саттық сессиясында жүзеге асырылатын ұлттық валютадағы есеп есеп айырысумен АҚШ долларына қатысты валюталық своп операцияларында / шетел валютасымен операцияларда осындай баға ретінде осы құрал сатылған осы операцияның басталған (ашылған) күні Алматы қаласының уақытымен 11.00-дегі жағдай бойынша қалыптасқан USDKZT_TOM құралы бойынша барлық мәмілелердің орташа сараланған бағасы пайдаланылады; мұндай мәмілелер болмаған жағдайда осы құралмен соңғы нәтижелі күні жасалған барлық мәмілелердің орташа сараланған бағасы пайдаланылады[1]; үтірден кейін екінші белгіге дейінгі дәлдікпен ұлттық валютамен өлшенеді; қосымша сауда-саттық сессиясында жүзеге асырылатын АҚШ долларына қатысты шетел валютасымен жасалатын операцияларда осындай баға ретінде осы құрал сатылған осы операцияның басталған (ашылған) күні Алматы қаласының уақытымен 15.30-дағы жағдай бойынша қалыптасқан USDKZT_TOM құралы бойынша барлық мәмілелердің орташа

[1] Осы шетел валютасымен соңғы нәтижелі күні жасалған қандай да бір шетел валютасымен жасалған барлық мәмілелердің орташа алынған бағасы болмаған жағдайда, шетел валютасымен своп операциясын/операциясын ашу мәмілесінің бағасы ретінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілейтін валютаның ресми бағамы не Ұлттық Банк белгілейтін валюталардың ресми бағамдары негізінде қалыптастырылған кросс-бағам пайдаланылады Қазақстан Республикасының.

р/с №	Кезең	ОК қатысатын
А	1	2
		сараланған бағасы пайдаланылады; мұндай мәмілелер болмаған жағдайда осы құралмен соңғы нәтижелі күні жасалған барлық мәмілелердің орташа сараланған бағасы пайдаланылады[1]; үтірден кейін екінші белгіге дейінгі дәлдікпен ұлттық валютамен өлшенеді; еуроға және рубльге қатысты шетел валютасымен жасалатын операцияларда осындай баға ретінде: осы шетел валютасымен есеп есеп айырысу сауда-саттық өткізілген күннен кейінгі келесі жұмыс күні жүзеге асырылатын, осы шетел валютасы сауда-саттықта болған осы операцияның басталған (ашылған) күні Алматы қаласының уақытымен 11.00-дегі жағдай бойынша қалыптасқан барлық мәмілелердің орташа сараланған бағасы; мұндай мәмілелер болмаған жағдайда, осы шетел валютасымен сауда-саттық өткізілген күннен кейінгі келесі жұмыс күні есеп айырысуымен осы шетел валютасымен соңғы нәтижелі күні жасалған барлық мәмілелердің орташа сараланған бағасы пайдаланылады[1]; бұл ретте: – шетел валютасымен операцияларда еуроға қатысты осы баға ұлттық валютада үтірден кейін екінші белгіге дейінгі дәлдікпен не АҚШ долларымен үтірден кейін алтыншы белгіге дейінгі дәлдікпен өлшенеді; – рубльге қатысты шетел валютасымен жасалатын операцияларда осы баға ұлттық валютада үтірден кейін төртінші белгіге дейінгі дәлдікпен өлшенеді; ұлттық валютада есеп айырысатын юаньға, дирхамда есеп айырысатын АҚШ долларына, ұлттық валютада есеп айырысатын дирхамға қатысты шетел валютасымен жасалатын операцияларда осындай баға ретінде осы шетел валютасымен соңғы нәтижелі күні жасалған барлық мәмілелердің орташа сараланған бағасы пайдаланылады, олар бойынша есеп есеп айырысу сауда-саттық өткізілген күннен кейінгі келесі жұмыс күні жүзеге асырылады[1]; үтірден кейін төртінші белгіге дейінгі дәлдікпен ұлттық валютамен өлшенеді; 2) кірістілік мынадай формула бойынша есептеледі: $$Yield = \frac{Price_{operation} \times Tn}{Lenght \times Price_{open}} \times 100$$, мұнда: Yield – своп операциясының / шетел валютасымен операцияның кірістілігі (үтірден кейін бесінші белгіге дейінгі дәлдікпен пайызбен өлшенеді); Tn – жылдағы күнтізбелік күндер саны; Lenght – своп операцияларының / шетел валютасымен операциялардың күн сайынғы мерзімі (ашу және жабу мәмілелерінің есеп айырысу күндері арасындағы күнтізбелік күндер саны); 3) ашу көлемі мынадай формула бойынша есептеледі: $$Volume_{open} = Price_{open} \times Quantity$$, мұнда: $Volume_{open}$ – своп операциясын / шетел валютасымен операцияны ашу көлемі (үтірден кейін екінші белгіге дейінгі дәлдікпен ұлттық валютамен өлшенеді);

р/с №	Кезең	ОК қатысатын
А	1	2
		Quantity – своп операциясындағы / шетел валютасымен операциялардағы құрал саны (құрал бірлігімен өлшенеді); 4) жабу көлемі мынадай формула бойынша есептеледі: $Volume_{close} = Price_{close} \times Quantity$, мұнда: $Volume_{close}$ – своп операцияларын / шетел валютасымен операцияларды жабу көлемі (үтірден кейін екінші белгіге дейінгі дәлдікпен ұлттық валютамен өлшенеді). Мәмілелерді орындау кезінде клиринг орталығының ішкі құжаттарында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, нетто-негізде клиринг процедуралары қолданылады. Валюталық своп операциясының тараптары бір-біріне мөлшері осындай операция мәні бағасының өзгеруіне байланысты болатын ұштасқан валюта (вариациялық маржа) болып табылатын валютадағы ақша сомасын төлеуге міндетті. Вариациялық маржа валюталық своп операциясы жүзеге асырылған күні есептеледі және валюталық своп операциясы жүзеге асырылған күннен кейінгі күннен бастап екі тарап жабу мәмілесі бойынша міндеттемелерді қоса алғанда, клиринг орталығының ішкі құжаттарына сәйкес орындаған күнге дейінгі кезеңде төленеді.
6	Сауда-саттықтың қорытындысы	Биржа сауда-саттық аяқталғаннан кейін сауда-саттыққа қатысушыларға жасалған мәмілелер туралы мәліметтерді қамтитын биржалық куәліктерді береді

Мәміле жасасу ережелерінің

12-қосымшасы

Мерзімді нарықта мәміле жасасу

П Р О Ц Е С І

р/с №	Кезең	ОК қатысатын
А	**1**	**2**
1	Қатысушылардың позицияларын анықтау	Мерзімді нарықтың СКЖ-де сауда-клирингілік шоттағы ақшаны есепке алу үшін ақша бойынша мынадай позициялар пайдаланылады: 1) сауда-саттық сессиясының басындағы ақша бойынша бастапқы позицияны көрсететін бастапқы позиция; 2) шоттағы барлық ақшаны көрсететін барлық ақша; 3) шоттағы бос ақша көлемін көрсететін бос ақша; 4) тыйым салынған ақша көлемін көрсететін тыйым салынған ақша; 5) ЖМ жабық позициялар бойынша теріс вариациялық маржаға резервтелген соманы көрсететін ВМ резерві; 6) аралық клирингке есептен шығарылған немесе алынған вариациялық маржаны көрсететін ВМ аралық клирингі.; 7) белгіленген ақшалай шектелімнің болуын көрсететін шектелімдер; 8) бос ақшаның болжамды санын көрсететін бос ақша (болжам). Сауда-клирингілік шоттағы туынды қаржы құралдарын есепке алу үшін мерзімді нарықтың СКЖ-де мынадай позициялар пайдаланылады: 1) сауда-саттық сессиясының басындағы шотта туынды қаржы құралы бойынша позициялар санын көрсететін бастапқы позиция; 2) сауда-саттық сессиясы барысында құрал бойынша сатып алынған туынды қаржы құралдарының санын көрсететін сатып алынған; 3) сауда-саттық сессиясы барысында құрал бойынша сатылған туынды қаржы құралдарының санын көрсететін сатылған; 4) шоттың ағымдағы жай-күйін көрсететін позиция (ағымдағы позиция); 5) позицияның орташа өлшенген бағасын көрсететін орташа
2	Қалдықтарды жүктеу	Күн сайын сауда-саттық ашылғанға дейін кіріс позициялары бойынша ақпарат клиринг орталығының есеп жүйесінен клиринг орталығының корреспонденттік шотындағы және сауда-саттыққа қатысушылардың меншікті және біріктірілген клиенттік есеп

р/с №	Кезең	ОК қатысатын
А	1	2
		шоттарында есепке алынатын ақша қалдықтары бойынша оларды тиісті сауда-клирингілік шоттарында көрсету үшін мерзімді нарықтың СКЖ-не түседі. Егер сауда-саттыққа қатысушы клиринг орталығының ішкі құжаттарына сәйкес клиринг орталығының корреспонденттік шотында ақшаны сақтау туралы өтінішті клиринг орталығына берген болса, клиенттік сауда-клирингілік шоттарындағы ақшадағы қалдықтар туралы ақпарат алдыңғы сауда-саттық күнінің жабылу нәтижелері бойынша көшіріледі. Ақшаны сақтау туралы жоғарыда көрсетілген өтініш болмаған жағдайда, клиенттік сауда-клирингілік шоттардағы ақша бойынша кіріс позициялары алдыңғы сауда-саттық күнінің жабылу нәтижелеріне сәйкес нөлдік мәндерге сәйкес келеді
3	Өтінім беру	Мерзімді нарықтың СКЖ автоматты режимде әрбір берілген өтінімді: 1) туынды қаржы құралдары дәліздерінің баға шекараларын, сауда-саттыққа қатысушы енгізген кепілдікті қамтамасыз ету мөлшерін сақтау; 2) туынды қаржы құралдары параметрлерінің сәйкестігі, оның ішінде өтінімдегі туынды қаржы құралы лоттарының саны мәніне тексереді. Лоттардың саны осы құрал бойынша минималды лотқа еселенуі тиіс; 3) "клиенттік шектелімге тексеру" опциясы болған кезде өтінімді жариялау алдында клиенттік шектелімнің жеткіліктілігі тексерілетін болады. Егер опция белгіленбесе, онда енгізілетін өтінім клиенттік шектелімді алдын ала тексерусіз қойылады. Клиенттік шектелімді алдын ала тексерусіз өтінімді сауда-саттыққа қатысушының терминалынан ғана енгізуге болады. Жалпы жағдайда сауда-саттық шектелімдері МҚ-ның талап етілетін шамасын жабу үшін жеткілікті болған жағдайда ғана өтінім берілуі мүмкін. Шот бойынша нөлдік шектелім кезінде позицияларды жабу ғана мүмкін болады. 4) міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етудің жеткіліктілігін сақтау мәніне тексереді. Тексеру нәтижесі теріс болған жағдайда, мерзімді нарықтың СКЖ өтінімді кері қайтарады (қабылдамайды). Мерзімді нарықтың СКЖ кері қайтарғанның орнына берілген қайталама өтінімдер де қайта тексеруге жатады. Бірінші абзацқа сәйкес жүргізілген тексерудің нәтижесі оң болған жағдайда, мерзімді нарықтың СКЖ мұндай өтінімді тіркейді. Сауда-саттық сессиясы аяқталған сәтте қанағаттандырылмаған өтінімдерді олардың қолданылу мерзімінің аяқталу күні көрсетілген өтінімдерді қоспағанда, мерзімді нарықтың СКЖ автоматты түрде жояды
4	Қамтамасыз етуді бұғаттау	Өтінімді тексеру оң болған кезде мерзімді нарықтың СКЖ сауда-саттыққа қатысушының шотындағы ақшаны туынды қаржы құралдарының нарықтық тәуекел мөлшерлемелері және/немесе туынды қаржы құралдарын шоғырландыру шектелімдері мөлшерінде бұғаттайды, бұл клиринг орталығының ішкі құжаттарына сәйкес кепілдікті қамтамасыз етуді анықтауға тең. Мерзімді нарықтың СКЖ позицияларының мәні ақша және қаржы құралдары бойынша позицияларды есептеуге қатысатын кез келген құрауыштардың мәндерінің әрбір өзгерісі кезінде нақты уақыт режимінде жаңартылады

р/с №	Кезең	ОК қатысатын
А	1	2
5	Мәмілелерді орындау, клиринг және есеп айырысу	Фьючерстік келісімшарт бойынша міндеттемелерді орындау базалық активті жеткізбей жүзеге асырылады, бұл ретте мұндай келісімшарттың тараптары бір-біріне ұлттық валютадағы ақша сомасын (вариациялық маржаны) төлеуге міндетті. Вариациялық маржа клиринг орталығының ішкі құжаттарына сәйкес клирингілік сессияны өткізу барысында есептеледі және фьючерстік келісімшарт жасалған бірінші күннен бастап оны орындау күніне дейін қоса төленеді. Вариациялық маржаны есептеу мақсатында мынадай формулалардың бірі пайдаланылады: 1) вариациялық маржаны есептеу бұрын жүзеге асырылмаған фьючерстік келісімшарт бойынша вариациялық маржаны есептеу кезінде: $VM_0 = (P_{last} - P_{fut}) \times \frac{S_{tick}}{tick}$, мұнда VM_0 – вариациялық маржаны есептеу бұрын жүзеге асырылмаған фьючерстік келісімшарт бойынша математикалық дөңгелектеу ережелері бойынша дөңгелектелген вариациялық маржаның мөлшері; Plast – клиринг орталығының ішкі құжаттарына сәйкес айқындалған фьючерстік келісімшарттың ағымдағы (соңғы) есептік бағасы; Pfut – фьючерстік келісімшарт жасасу бағасы; Stick – фьючерстік келісімшарт бағасының минималды өзгерісін құндық бағалау; tick – келісімшарт бағасының минималды өзгеруі; 2) вариациялық маржаны есептеу бұрын жүзеге асырылған келісімшарт бойынша вариациялық маржаны есептеу кезінде: $VM = (P_{last} - P_{previous}) \times \frac{S_{tick}}{tick}$, мұнда VM – вариациялық маржаны есептеу бұрын жүзеге асырылған фьючерстік келісімшарт бойынша математикалық дөңгелектеу ережелері бойынша дөңгелектелген вариациялық маржаның мөлшері; Pprevious – фьючерстік келісімшарттың алдыңғы есептік бағасы (немесе фьючерстік келісімшарттың бастапқы есептік бағасы). Вариациялық маржаны төлеу жөніндегі міндеттемелерді орындау клиринг орталығының ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жүзеге асырылады. Бұл ретте: 1) егер вариациялық маржа оң болса, онда фьючерстік келісімшартты сатушыда вариациялық маржаны төлеу жөніндегі міндеттеме туындайды;

р/с №	Кезең	ОК қатысатын
А	1	2
		2) егер вариациялық маржа теріс болса, онда фьючерстік келісімшартты сатып алушыда есептелген вариациялық маржаның абсолюттік шамасына тең сомада вариациялық маржаны төлеу бойынша міндеттеме туындайды. Мәмілелерді орындау кезінде клиринг орталығының ішкі құжаттарында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, нетто-негізде клиринг процедуралары қолданылады. Фьючерстік келісімшарт бойынша міндеттемелер: 1) осы келісімшартты орындау нәтижесінде оның айналыс мерзімі өткеннен кейін; 2) осындай қатысушыда сол базалық активі және айналыс мерзімі бар фьючерстік келісімшарт бойынша клиринг орталығының ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен және мерзімдерде оның міндеттемелері мөлшерінде қарсы талаптардың туындауы нәтижесінде; 3) клиринг орталығының ішкі құжаттарында көрсетілген өзге де негіздер бойынша олар белгілеген тәртіппен толықтай тоқтатылады.
6	Сауда-саттықтың қорытындысы	Биржа сауда-саттық аяқталғаннан кейін сауда-саттыққа қатысушыларға жасалған мәмілелер туралы мәліметтерді қамтитын биржалық куәліктерді береді